


ЕЛ ЕРГЕ ҚАРАЙДЫ, ЕР НЕГЕ ЖЕРГЕ ҚАРАЙДЫ?

Жалпы, еркектердің боркемік болып бара жатқаны жаныңа батады. Бәріне бірдей топырақ шаша алмаймыз. Қыз текеге айналып жатқандары қаншама. Айбарымен бір отбасынның шып-шырғасын шығармай, әке деген ардақты атты арқалап жүргендерге қарап сүйінесің. Ал, әйелдерінің мойнына мініп алып, солардың тапқан табысымен күн көріп, еркектік міндетін қазан ошақ басына айналдырып алған еркектен қандай айбар күтесің. Әйелі «түр десе тұрып, жүр десе жүріп» жетектеген тазы сияқты әйелдің алақанына қарағандар бала-шағасына қандай тәлім-тәрбие береді?! Осындайдан шаңырақ шайқалып, балапанын шұбыртқан мамақаздай екінің бірі ажырасып жатқан жоқ па? Отбасылық қиындыққа төзіп, жоқтан бар жасап әкелік міндетін мүлтіксіз атқарған еркек үйдің егесі. Япырау, құс екеш құс та балапандарына ауызымен тамақ тасып, ұядан түлетеді ғой. Он екі мүшесі сау адамға мына заманда жұмыс жоқ деп үйде жату еркекке намыс емес пе? Күйеуінің ынжықтығын білген жан жары екі білекті сыбанып қарабазарда ертеден кешке дейін бала-шаға үшін қарекет жасап, әйелдік образын жолғалтып, тірлік үшін бір-бірімен жұлысып, ауыздарынан «ақ ит кіріп, қара ит шығып» еркекшора болып кеткендер әлгі үйіндегі боркемік еркегін «жылқыдай жусатып, қойдай өргізіп» жүрген жоқ па? «Айғайласам шығады ащы даусым» дегендей, қоғамдағы әйелдер көтерілісі түп төркінін сараласаңыз, отбасын тастап кеткен еркектермен, арқа сүйер азаматтарынан айырылған, немесе төрт-бес баласы бар, әкелері жұмыссыз отырған, әлеуметтік ахуалдары нашарлаған жанұялардың жан



ОСЫ БІР АТАЛЫ СӨЗДІ ӘРБІР ЕРКЕК ЖАДЫНДА ТҮЙІП, БОЙ ТҰМАРДАЙ ТАСТАМАЙ ЖҮРСЕ ДЕЙСІҢ. БІРАҚ, СӨЗГЕ ЖЫҒЫЛЫП, СӨЗДЕН САБАҚ АЛҒАН БҮГІНГІ ҚОҒАМНЫҢ АДАМДАРЫ НЕКЕН САЯҚ. АТАМ ҚАЗАҚ: «СӨЗ СҮЙЕКТЕН, ТАЯҚ ЕТТЕН ӨТЕДІ», ТӘНІҢЕ ТИГЕН ТАЯҚТЫҢ ЖАРАСЫ ЖАЗЫЛАДЫ, СҮЙЕКТЕН ӨТКЕН СӨЗ ӨЗІҢМЕН БІРГЕ КӨРГЕ КЕТЕДІ ДЕЙДІ. ОНЫҢ ДАҚПЫРТЫ ҰРПАҒЫҢА ЖЕТЕДІ ДЕП ӨСИЕТНАМА ҚАЛДЫРҒАН.

айқайы. Оның бір шетінде, мемлекеттің де, жергілікті биліктің де қателігінің құлағы қылтиып тұр. Оны күні кеше ғана әйел қауымының әлеуметтік мәселесі асқынып, алаңға шыққанда көрдік. Әлі күнге қызуы басылмай, дүркін-дүркін көтеріліс жасап жүрген әйелдердің ішінде талап тілегін айтып жатқандарының арасында орынды-орынсыз уәждерін көріп басыңды шайқайсың. Мәселен, Алматы қаласында, тіл жанашыры, қоғам қайраткері Асылы Османқызы бастаған

бір топ аналар қауымы көтеріліс жасап жүрген аналардың талап-тілектерін тыңдап жаға ұстарлық жағдаяттарды мәлім етті. Тіпті, кейбір аналар, биліктен жекеменшік машина қоятын автотұрақ салып беруін талап етіпті. Бұл не масқара? Сонда оның жан-жары құдай қосқан қосағы, бір әйелге ие бола алмай ма? Машина алып берген еркек автотұрақ салып бермей ме немесе жалдап бере алмай ма? Тағы бір жеті баланың анасы: «үкімет бізді қамқорлығына алуы тиіс,

күйеуім жұмыссыз» - депті.

Астанада мемлекет қайраткерлері бастаған, депутатты, шенді-шекпендісі бар, Оразкүл Асанғазы сөз сөйлеп: «Еркек үйдің егесі, әйел үйдің шегесі, мықты болса егесі, майыспайды шегесі» - деп еркектерге қаратып қатқыл-қатқыл сөз айтты. «Жігіттер, еркек болыңдар, намысты болыңдар. Кешегі Бөгенбай, Қабанбай, Қарасай батырлар сияқты батыр болыңдар! Құдай-ау бір қатынға шамаң келмесе, қандай еркексің. Қазақ жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған. Әйелдерді көшеге шығарып қойып, еркектері үйде отырған бұл не деген масқара, бұл не деген сұмдық» - деді. Бұл сай-сүйегінді сырқырататын, өзегінді өртеп, қолқанды қолыңа ұстатын ауыр сөз. Егер қол-аяғы бүтін болса, әйелін алдыға салып қойып, өзі соның панасында күнелтіп тұрған әлгі еркек жеті баланы таптырғанды білгенде, солардың болашағын күн көрісін неге ойламай үйде жатады. Осындайда данышпан Абайдың «Есектің артын жусаң да пұл тап» - деген өсиеті ойға оралады. «Отағасы» деген атқа лайық әр азаматтың балалары да әкесіне қарап бой түзейді. Әке бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді бойына сіңіреді. Тәрбиесін көреді, тегіне тартады. Ал, енді әйелінің тапқан табысына ортақтасып, қазан ошақтың басында жүрген еркектердің балалары қандай тәлім-тәрбиені бойына сіңіреді. «Еркек, елге қорған. Ел ерге қарайды». Ендеше, еркек неге жерге қарап жүр?!

А. МҰХАМАДИ.



ҚҰЛАҚҚАҒЫС


ШІЛДЕДЕН БАСТАП НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

2019 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫ ӨТЕ ШЫҚТЫ. ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ БӨЛІГІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫ НЕ КҮТІП ТҰР? ҚАНДАЙ ЗАҢДАР ҚАБЫЛДАНДЫ?

Қазақстанның тұңғыш президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша шілде айынан бастап кедейлік шегі ең төменгі күн көріс деңгейінің 70 пайызына (бұған дейін 50% болатын) дейін көтеріліп, 20 800 теңгені құрады. Шетелдік компаниялар Ұлттық банктің бақылауында болады. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заңға сәйкес шетелдік қаржылық емес ұйымдар Қазақстанның Ұлттық банкіне валюта операциялары туралы хабарлап отыруы тиіс.

Бірінші шілдеден Қазақстан ішкі істер министрлігіне қарасты тіркеу-емтихан бөлімі жұмысын тоқтатады. Бұл бөлімнің қызметін «Азаматтарға арналған үкімет» атқаратын болады. Камқоршылардың жәрдемақы мөлшері көбейеді. Ерекше қажеттілігі бар балалар мен бала кезден бірінші топтағы жарымжан балаларға күтім жасайтындардың жәрдемақы мөлшері көбейеді. Нақтылап айтқанда, жәрдемақы 29 698 теңгеден 41 578 теңгеге дейін өседі.

Шілде айынан 86 қызмет түрі кассалық бақылау машиналарын қолданысқа енгізеді. Бұған дейін жалпы алғанда 547 кәсіп түрі КБМ қолдануды бастаған еді. Валюта айырбастау қызметінің жұмысы өзгереді. Валюта айырбастау пункттері валюта нарығындағы алыпсатарлыққа жол бер-



меуге бағытталған жаңа құжат бойынша жұмыс істейтін болады.

Жаңа қабылданған заңға сәйкес, заңды тұлғалар және коммерциялық ұйымдардың өкілдері мен филиалдарын тіркеу әділет министрлігінен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына беріледі.

Үкімет қабылдаған қаулы бойынша бір темекі қорабы 20 теңгеге қымбаттайды.

1 шілдеден аттракциондардың жалпы техникалық талаптары бойынша жаңа стандарт күшіне енеді.

ФЕЙСБУКТЕ НЕ ДЕЙДІ?



ССЕР КОМПАНИЯСЫ

ЖҰМЫСТАН ШЕТТЕТІЛДІ

– 237 араб, 780 қытай, 578 үнді жұмыстан біржола шығарылып, орнына Қазақстан азаматтары алынатын болды. Вахталық қалашықта жезөкшелікпен айналысқан 23 қыз бен оны ұйымдастырумен айналысқан 12 жеңгетай қолға түсті. Енді олар заң алдында жауап береді, – деп жазады журналист Тоқтар Жақаш.

ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев Теңіздегі жағдайға байланысты бірнеше қылмыстық іс қозғалғанын айтты.

– Бір күдікті ұсталды, тағы бірнеше адам күдіктілер тізімінде бар. Әрқайсысының жауапкершілігі қатысуына байланысты анықталады, – деп нақтылады министр.

Атырау облысында Теңіз кешеніндегі оқиғаның нәтижесінде ССЕР компаниясы жұмыстан шеттетілді. Бұл туралы әлеуметтік желіде журналист Тоқтар Жақаш жария еткен. Одан өзге 237 араб, 780 қытай, 578 үнді жұмыстан біржола шығарылды.

БАСПАНА ҚЫЛТИ ТАБЫС ЕТІЛДІ

Жетісу өңірінде ел игілігі үшін сауапты іс атқарып келген «Зекет» қорының «Ел үлесі — пәтерге» жобасы жалғасын табуда. Естеріңізге сала кетсек, аталған қор Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бастамасымен құрылған болатын. Шара аясында «Зекет» қоры тағы бір отбасының үйлі болуына септігін тигізіп, 96-шы баспананың кілтін табыстады.

Баспанаға мұқтаж жандар үшін қарапайым халық пен жергілікті кәсіпкерлер де қол ұшын созудан аянған емес. Бұл жолы Кербұлақ ауылы, Нұрым ауылының тұрғыны, үш баланың анасы Гүлмира Көкебасова аталған шара аясында үлкен қуанышқа кенеліп отыр.

Г. Көкебасованың күйеуі өмірден өткен соң, баспанаға қол жеткізе алмай қиналған. Табысталып отырған үйді сатып алуға талдықорғандық жас кәсіпкер Асылан есімді азамат демеушілік көрсетті.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген ұстаныммен тұрмысында қиыншылығы бар жетім-жесір, мүгедек және көпбалалы отбасы мүшелеріне көмектесуге бағытталған жобаның әлі де талай игі іс атқарарына сеніміміз мол. «Мұндай сауапты іске ат салысқан әрбір жанға Алланың нұры жаусын!», – дейді Кербұлақ ауданының бас имамы Қанат Маратұлы.

Д. БЕЙБІТ.



ҚУАНЫШ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

БІР ТӘУЛІККЕ ҰЛАСҚАН КҮЙЖАРЫС

БАСПАНА ҚЫЛТИ ТАБЫС ЕТІЛДІ

Талдықорғанда домбыра күніне орай Алматы облысының ішкі саясат басқармасы мен «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің ұйымдастыруымен «Домбыра – дала даусы» атты күйжарыс өтті.

24 сағат бойына жалғасқан күйжарысқа Жетісу өңірінің аудан, қалаларынан жиналған өнерпаздар қатысты. Мұндағы мақсат 24 сағат бойы шертілген күй қорытындысы бойынша күйшілер өнерін рекордтар кітабына енгізу. Қаратал, Ақсу, Көксу, Ескелді аудандары мен Талдықорған, Текелі, Қапшағай қаласының 70-ке жуық өнерпазы тәулік бойы үздіксіз күй шертті. Осылайша, төл өнерді насихаттап, сырлы да сұлу аспаптың қадірін арттырған жас өнерпаздар домбыраның қоңыр үнімен тарихымызды, мәдениетімізді өскелең ұрпақ санасына сіңіруді көздеген. Сондай-ақ, өнердегі аға буын мен жастардың шығармашылық байланысын нығайтып, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруды мақсат тұтқан.

Шараның ашылу салтанатында сөз алған «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры Д. Дүйсенова ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары аясында ұлттық құндылықтарымыз бен аспабымызды, өнерді дәріптеу кеңінен қолға алынғанын айтты. Сондай-ақ ол бұл



шараның күй өнерін насихаттап, көпшілік қауымға рухани азық сыйлау мақсатында ұйымдастырылғандығын тілге тиек етіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Ал кеш қонағы ҚР Мәдениет қайраткері Төлеужан Ғұмаров: «Ғасырларды алып қарасаңыз, қаншама құндылықтар осы домбыра арқылы жетті. Қаншама аңыз, қаншама дастан жетті. Бұл домбыраның өзі қазақтың өзіне айналып кетті. Сондықтан бұны арнайы бір күн белгілеп, заң жүзінде бекітіп, шілденің алғашқы жексенбісін беріп жатқаны, ол біздің егемендігіміздің жетістігі», - дейді.

Д. ӘМІР.

Алматы қалалық тауар мен қызмет сапасын бақылау департаментінің қызметкерлері жүргізген тексеріс нәтижесі бойынша, көшеде сатылып жатқан қауын-қарбыздардың құрамында нитрат көрсеткіші жоғары екені анықталды.

ҚҰРАМЫНДА НИТРАТ КӨРСЕТКІШІ ЖОҒАРЫ ЖЕМІСТЕР

Базарда сатылып жатқан қауында нитрат қалыпты жағдайдан 2 есе, қарбызда 0,5 есе артық екені көрсеткен. Ал, нағында талап бойынша 1 килограммда 60 миллиграммнан аспауы (60 мг/кг) тиіс. Нитраты жоғары өнімді жеген адамның асқазан ішек жолдары ауырып, гемоглобин өзгеруі мүмкін.

Санитарлық дәрігерлер бақша өнімдерін тек қана арнайы рұқсаты бар орындарда сатып алу керектігін ескертеді. Айта кетейік, қаланың барлық ауданында арнайы акция жүрде. Сатып алған тауардың сапасы күдік тудырса, ірі сауда орындарының жанындағы жылжымалы зертханаларға барып, тегін сараптама жасатуға болады.

Сондай-ақ, мамандар көшеде сататын ретсіз сауда орындарында немесе автокөліктердің жүк салғыш бөлігінде сатылатын жеміс-жидектер мен көкөністерді алмауға кеңес береді. Себебі, қолдарында өнімнің қауіпсіздігін растайтын құжаттар жоқ. Қарбызды кескен кезде ақшыл болса немесе сары жіп сияқты болған кезде оны жемеу керектігін де қатаң ескертеді.

ЭКСПЕДИЦИЯ ЮНЫХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ НИШ

По краеведческо-исследовательской экспедиции «Туған елге тағзым» учащиеся Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдықорған посетили Актюбинскую область. В течение недели ребята изучали историю, культуру, сакральные объекты региона, а также посетили ряд предприятий.



Поездка в один из ведущих экономических и культурных центров Казахстана подарила талдықорғанским школьникам незабываемые впечатления. В этом году маршрут был посвящен теме «Рухани жаңғыру – туған жер тұтастығы мен ел болашағы».

Проект - исследовательские краеведческие экспедиции «Туған елге тағзым» в Назарбаев Интеллектуальных школах проходит восьмой год. Особенностью образовательных поездок является обмен маршрутами между Назарбаев Интеллектуальными школами для ознакомления и проведения исследований в регионах Казахстана.

Так в рамках проекта ученики 9 класса Амиржан Ембергенов и Айболат Қажыкәріп начали исследовательский проект по химии на тему: «Молочные продукты, технологии изготовления».

«Технология изготовления кисломолочных продуктов – очень интересный и познавательный процесс. По маршруту экспедиции мы посетили Актюбинскую компанию «Айс», которая является одним из самых крупных предприятий области, занимающихся переработкой молока с 1999 года. Здесь нам была предоставлена уникальная возможность ознакомиться с работой предприятия «изнутри», увидеть оборудование и поучаствовать в технологическом процессе, пообщаться со специалистами и получить ответы на все интересующие вопросы. Нам презентовали ассортимент выпускаемой продукции, а также мы провели лабораторное исследование на «Химический состав молока». Теперь мы планируем сравнить технологии производства молока в Актюбе и в Талдықорғанде», - рассказали о своих будущих

планах участники проекта.

Впечатляющим для участников экспедиции стала экскурсия в Хобдинский район. Маршрут «Хобда – родина батыров» вообрал в себя остановки в нескольких исторических местах: Мавзолей Абат Байтақ, мемориал Кобланды батыра, музей Али Молдагуловой.

«Мой проект будет посвящен казахской девушке-снайпер Алие Молдагуловой. Она занимает особое место в истории. Посетив Родину нашей героини, я узнал очень много интересных фактов о жизни и подвигах. В музее увидели личные вещи, фотографии, различные документы и даже предметы с поля боя», - подытожил свое интервью Алмас Нурғалиев, ученик 11 класса.

Недельная краеведческо-исследовательская экспедиция «Туған елге тағзым» охватила ряд инновационных объектов и архитектурных сооружений, университетов, промышленных предприятий, цехов, историко-краеведческих, художественных музеев, встречи с профессорами, а также множество лабораторных исследований и опытов в стенах Интеллектуальной школы города Актюбе.

А. МУРАТКЫЗЫ.

ПРЕИМУЩЕСТВА ВНЕДРЕНИЯ ЛАТИНИЦЫ

Своим выступлением Елбасы Нурсултан Назарбаев предопределил будущее письменности казахского языка, развеяв складывающиеся споры, обсуждаемые на протяжении последних десяти лет среди специалистов-языковедов, литературных деятелей, представителей активной части интеллигенции, а так же в средствах массовой информации.

Одной из положительных сторон внедрения латиницы является то, что она занимает лидирующее положение в мире, поскольку ее знают и пользуются более 4 млрд. населения планеты. Еще одно преимущество состоит в том что, переход на латинскую графику, по идее, должен стать своеобразным толчком, катализатором дальнейшего развития казахского языка. Это также позволит произвести ментальное единение с многочисленными диаспорами казахов, проживающих за рубежом, которых около пяти миллионов. Благодаря латинице у нашей молодежи будет больше возможностей для получения информации в Интернете, частого доступа к пространству в сфере образования и науки, быстрому ознакомлению и обучению, благоприятно отразится на объединении тюркского мира и Казахстана. Для нашей страны будет выгодна единая письменность с такими странами, как Турция, Азербайджан, Узбекистан.

Рассуждая о внедрении латиницы, можно без

Развитие современных социальных процессов, происходящих в Республике Казахстан, уделяет все большее внимание общества к проблемам государственнообразующего этноса – казахов, формирования в Казахстане четкой, не подверженной влиянию других культур, идентичности. В данном случае затрагивается вопрос о переходе национального языка на латиницу. Переход на латинскую письменность должен способствовать преодолению значительно влияния, так сказать доминирования, на казахское самосознание.

предрассудков заявить, что и в настоящее время мы уже непроизвольно стали пользователями латиницы. В век информационных технологий, когда практически вычислительные и телекоммуникационные системы ворвались в быт всего населения, латиница стала языком техники. Ко всему прочему влияние латинского алфавита в случае перехода будет значительным, поскольку казахский язык получит возможность отражения в сети Интернет, станет доступнее для изучения, а также поможет нашим гражданам в овладении иностранными языками. А самое главное – Казахстан сможет быстрее интегрироваться в мировое сообщество.

Нургиса ЕРҒАЗЫ,
главный специалист-секретарь
судебного заседания СМЭС.

ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА – ЭТО ГОСУДАРСТВЕННАЯ И ОБЩЕСТВЕННАЯ СЛУЖБА, НАПРАВЛЕННАЯ К ДОСТИЖЕНИЮ РАВЕНСТВА МУЖЧИН И ЖЕНЩИН. ВО ВСЕХ СФЕРАХ ОБЩЕСТВЕННОЙ ЖИЗНИ, ГЕНДЕРНОЕ ПОНЯТИЕ ЗАЩИЩАЕТ ЛИЧНОСТНЫЕ ОСОБЕННОСТИ НЕ ТОЛЬКО ЖЕНЩИН, НО И МУЖЧИН. ЭТОМУ ВОПРОСУ БЫЛА ПОСВЯЩЕНА XXIII СПЕЦИАЛЬНАЯ СЕССИЯ ГЕНЕРАЛЬНОЙ АССАМБЛЕИ ООН "ЖЕНЩИНЫ В 2000 ГОДУ: РАВЕНСТВО МЕЖДУ МУЖЧИНАМИ И ЖЕНЩИНАМИ, РАЗВИТИЕ И МИР В XXI ВЕКЕ" (июнь, 2000 г.). ДАННАЯ СЕССИЯ РЕКОМЕНДОВАЛА ПРИНИМАВШИМ В НЕЙ УЧАСТИЕ ПРЕДСТАВИТЕЛЯМ ПРАВИТЕЛЬСТВ ПРИНЯТЬ МЕРЫ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ ЖЕНЩИНАМ РАВНОГО ДОСТУПА И ПОЛНОМАСШТАБНОГО УЧАСТИЯ ВО ВСЕХ ОБЛАСТЯХ И НА ВСЕХ УРОВНЯХ ЖИЗНИ.

ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА

Концепция гендерной политики в Республике Казахстан определяет основные принципы, приоритеты и задачи гендерной политики в Казахстане. Основные принципы гендерной политики устанавливают гарантированные Конституцией Республики Казахстан равные права и свободы для женщин и мужчин.

Казахстан присоединился к важнейшим Конвенциям и Декларациям ООН и других международных организаций по правам женщин, что способствовало улучшению ситуации в сфере реализации политических прав женщин, преодолению скрытой и открытой гендерной дискриминации. Особенно важным с точки зрения реализации политических прав казахстанских женщин является присоединение страны к Конвенциям ООН «О ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин», «О политических правах женщин», «О гражданстве замужней женщины». Также Казахстан подписал ряд актов Международной организации труда, касающихся прав женщин и детей.

Концептуальной базой гендерной политики в Казахстане является Концепция государственной политики улучшения положения женщин. Концепция определяет основные принципы, приоритеты и задачи гендерной политики в Казахстане. К задачам гендерной политики в Казахстане относятся: достижение сбалансированного участия женщин и мужчин во властных структурах; обеспечение

равных возможностей для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижения по службе; создание условий для равного осуществления прав и обязанностей в семье; свобода от насилия по признаку пола. Концепция гендерной политики в Республике Казахстан рассчитана на современный период, а также на долгосрочную перспективу (до 2030 г.).

Еще одним концептуальным документом, определяющим основные направления гендерной политики, являлся, Стратегия гендерного равенства в Республике Казахстан, которая была нацелена на более эффективное решение наиболее актуальных проблем гендерной политики.

На сегодняшний день в Казахстане сложилась целая система институциональных механизмов, предназначенных для защиты прав женщин и повышения их статуса. Эти механизмы постоянно развиваются и совершенствуются, а их деятельность во всех сферах жизни становится все более действенной и эффективной. В первую очередь, это Национальная комиссия по делам семьи и гендерной политике, функционирующая как консультативно-совещательный орган при Президенте Республики Казахстан. Аналогичные структуры действуют на региональных уровнях государственного управления.

Гульнар БЕКТУРГАНОВА,
судья СМЭС Алматинской области.

КАК СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АЛМАТИНСКОГО ОБЛАСТНОГО СУДА СОСТОЯЛОСЬ ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ, ПОСВЯЩЕННОЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ ПРАЗДНИКУ РАБОТНИКОВ СММ.

ПРОШЛО ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ



Информация высоко цениться в любой точке мира. Каждый из нас сиюминутно получают обновленные новости на свой смартфон. Никто не остается в стороне. В социальных сетях ведутся бурные обсуждения. Новостные ленты заполнены до отвала.

О том, что сегодня средства массовой информации играют особую важную роль обществе знает каждый. Но не каждый знаком с авторами этих новостей, постов, публикации...

И по случаю дня работников информации и связи в Алматинском областном суде состоялось торжественное мероприятие, где с поздравлениями выступили председатель гражданской коллегии Калдарбек Жорабекович Досымбет и председатель уголовной коллегии Советхан Сакенович Сакенов.

Затем в торжественной обстановке были поощрены и отмечены труды судей, специалистов, секретарей, которые координируют работу со СММ

на местах. В частности, от имени председателя областного суда Елиса Абдыкадырова журналисты областной средств массовой информации получили «Алғыс хат», а судьи и специалисты районных судов удостоились «Құрмет грамотасы».

Председатель гражданской коллегии Калдарбек Досымбет душевно поздравив присутствующих и в частности награждаемых, пожелал им дальнейших творческих побед.

Также, аудиторы проверили на интеллектуальные способности, по итогам которых вручены памятные подарки.

P.S. также отмечена работа судей Мадиева Азамата, Жанбырбаевой Сары, Ибрагимовой Жанара, Майкуль Мамутовой Майкуль, специалистов Алдабергеновой Риммы, Актаевой Саптанат, Мамбаевой Гульбану, Михайловой Роситы, которые не смогли приехать.

Ш. БАТЫРХАНОВ.

Как сообщила пресс-служба областной палаты предпринимателей, птицефабрика «Когер ЛТД», мебельная фабрика «КПК ZETA», крупнейшая типография «Интеллсервис» и другие компании Алматинской области стали победителями регионального конкурса-выставки «Лучший товар Казахстана».

26 июня в Талдықорғанде состоялся региональный конкурс-выставка «Лучший товар Казахстана». Конкурс-выставка по традиции прошла в здании Региональной палаты предпринимателей. На выставке 50 компаний-участниц представили свою линию продукции.

Главной особенностью нынешней выставки стало участие молодых и новых компаний.

«С каждым годом растет популярность, и расширяются границы конкурса. Победа в «Лучшем товаре Казахстана» стала высокой оценкой качества продукции компаний, визитной карточкой для партнеров и гордостью для всего коллектива. Главная особенность нынешнего конкурса-выставки активное участие молодых и новых компаний с инновационными производствами и технологиями. Это также свидетельствует о динамичном развитии и об открытии возможностей для предпринимателей», - рассказал и.о. директора Палаты предпринимателей Алматинской области Асет Шахметов.

В ходе посещения павильонов предприятий глава региона Амандык Баталов отметил хорошую подготовку компаний и высокое качество выставленной продукции.

На выставке предприниматели представили жителям товары и услуги в сфере сельского хозяйства, пищевой и легкой промышленности, мебельной и бумажной промышленности, строительстве, фармацевтике и других сферах.

В ходе церемонии награждения самые лучшие



ОПРЕДЕЛЕНЫ ЛУЧШИЕ ТОВАРЫ ЖЕТЫСҰ

компании определены по четырем номинациям – «Лучшие товары производственного назначения», «Лучшие продовольственные товары», «Лучшие товары для населения», и «Лучшее предприятие, оказывающие услуги».

В номинации «Лучшие товары производственного назначения» 1 место присуждено ТОО «КПК ZETA», 2 место у ТОО «NOVUS POLYMER», 3 место

заняло ТОО «ISKER COMPANY».

Обладателем 1 места в номинации «Лучшие продовольственные товары» стало ТОО «Когер ЛТД», второе и третье места у ИП «Молдасанова Этно-ресторан Аскар-Тау» и ТОО «Первомайские деликатесы».

В номинации «Лучшие товары для населения» 1 место заняло ТОО «Интеллсервис», 2 место при-

суждено ТОО «Адили Текстиль», почетное 3 место у ТОО «Аксель и А».

Список победителей в номинации «Лучшее предприятие, оказывающие услуги» выглядит так: 1 место – ИП «Хакимова», 2 место -ИП «AlakolResort», 3 место – «Многопрофильная клининговая компания «TUMAR».

Победителям вручены дипломы, денежные сертификаты и путевка на участие в республиканском этапе конкурса. Обладатели первого места будут участвовать в республиканском этапе выставки «Лучший товар Казахстана».

Аким Алматинской области Амандык Баталов принял участие в церемонии награждения победителей и подарил предпринимателей за большой вклад в экономику региона и призвал активно участвовать в государственных программах, реализовывать проекты в индустриальных зонах.

В церемонии награждения победителей и дипломантов также приняли участие председатель Регионального совета Алматинской области Римма Салыкова, заместитель акима Алматинской области Серикжан Бескемпилов, и.о. директора Палаты предпринимателей Асет Шахметов, руководитель Управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития Руслан Кожасбаев, директор ТОО «Dolce» Сауле Макишева.

Ш. ХАМИТОВ.

ЖЕТІСУЛЫҚТАР АРЫСПЕН БІРГЕ

ЖАРЫЛЫСТАН ЗАРДАП ШЕККЕН АРЫС ҚАЛАСЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ІСІНЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ДА БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ АТСАЛЫСУДА.

Қазіргі таңда облыс бойынша Арыс қаласына көмек көрсетуге гуманитарлық көмек қабылдайтын 53 пункт ашылды. Бұл іске мемлекеттік қызметкерлер ғана емес, кәсіпкерлер мен қоғамдық ұйымдар және облыстың қарапайым тұрғындары да үн қосуда.

Алматы облысының мемлекеттік қызметкерлері мен бюджеттік мекеме өкілдері өз еріктерімен бір күндік еңбек ақыларын көмекке арнап, жалпы соммасы 40 млн. теңгені құраған қаржыны арнайы шотқа аударса, кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары мен қоғамдық ұйымдары 50 млн. теңге көлемінде қаржыны «Түркістан» әлеуметтік қорының есеп шотына жөнелткен.

Облыс басшысы Амандық Баталовтың айтуынша, алғашқы қажетті азық - түлік, құрылыс заттары 26 маусым күні Алматы облысынан Түркістан облысының Арыс қаласына гуманитарлық көмек тиелген құны 56,4 млн. теңге болатын 10 автокөліктен тұратын бірінші керуен жетіп, табысталыпты. Сондай-ақ, қосымша 17,0 млн. теңгенің заттары жинақталған екен.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Арыс тұрғында-

рымен кездескенде қаланы қалпына келтіруге ел болып жұмылатынын айтқан еді. Бүгінде Арыста 17 аумаққа бөлінген қалыпқа келтіру жұмысы жүргізілуде. Бұл тұрғыда Алматы облысы да істен шеткері қалған емес.

- Өзімізге тиесілі учаскеде жұмыс бастады. Біз жөндейтін ауданда 29 көшеде орналасқан 9 әлеуметтік, 14 коммерциялық нысан мен 854 жекеменшік тұрғын үй орналасқан. Оның ішінде 157 жекеменшік үй облыс тарапынан қалпына келтірілетін болады. Қазір жұмыстың жоспары жасалып, ауқымы анықталуда. Бұйырса, құрылыс жұмыстарын бір ай ішінде аяқтауды мойнымызға аламыз, - дейді Амандық Баталов.

Өз сөзінде облыс әкімі алдағы аптадан бастап Арыс қаласындағы мектептерде оқитын 150 бала жазғы демалысының бір айын жетісудың ең көрікті жерлерінде орналасқан лагерлерде өткізетіндігін де тілге тиек етті. Айтуынша, балалар Еңбекшіқазақ ауданы



мен Қапшағай қаласында орналасқан «Тау Жанашар» және «Күншуақ» лагерлерінде тынығып, қуаттанатын болады. Бұл іске бюджеттен 30 млн. теңге бөлініпті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ ӨСІРЕДІ ӘРІ ӨНДЕЙДІ



«ХИЛЬНИЧЕНКО И К» СЕНИМ СЕРІКТЕСТІГІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ЕҢ ІРІ ШАРУАШЫЛЫҚ. 36 МЫҢ ГЕКТАРДАН АСТАМ ЖЕР ТЕЛІМІ БАР БҰЛ ҰЖЫМДА ЖЫЛ САЙЫН 450 МИЛЛИОН ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ӨНІМ ӨНДІРІЛЕДІ.

Сонымен қатар мұнда танаптан дүкен сәресіне дейінгі өндірістік буыны жақсы жолға қойылған. Даниялық-германиялық жабдықтармен жарақтандырылған диірмендері, ұн қаптағыш цехтары, наубайханасы, кондитер, макарон, қоспажем, сұйықмай, шұжық цехтары жұмыс істейді. Сондай-ақ жартылай дайын тағамдар цехы да бар. Бұлардың бәрі өздері өсіріп-өндірген жергілікті шикізатты пайдаланады. Шығарған өнімдері де сапалы әрі бағасы нарықпен салыстырғанда анағұрлым арзан. Бұл, әсіресе, қазіргі кездегі бағаны құрықтау шаралары жаппай қабылданып жатқан шақта аса маңызды. Өйткені, бұл цехтардың өнімдерін тұтынушылар асыға күтіп, ықыласпен сатып алады. Шаруашылық басшысы Виктор Петрович Хильниченконың айтуынша бастапқыда өз еңбеккерлеріне қажетінше беріледі де сосын облыс дүкендеріне таратылады. «Хильниченко» ШҚ және «Дары природы» затбелгісімен сатылатын отандық азық-түлік тауарларын көпшілік кеңінен тұтынып жатады.

Осы орайда, әсіресе, шаруашылықтың макарон, жартылай дайын тағамдар және шұжық цехтарының атқарып жатқан істері ауқымды. Сағатына 200 кг макарон шығаруға қабілетті цехта қысқа кесілген 10 түрлі макарон өнімдері даярланады. Сағатына 200 келі жартылай дайын тағамдар шығаратын цехтың тәжірибелі жұмысшылары осындай тағамның 9 түрін даярлайды. Ресей жабдықтарымен жарақтандырылған шұжық цехында 17 түрлі сапалы шұжық шығарылады. Мұнда ауысымына 200 келі өнім даярлауға мүмкіндік бар. Оларды білікті мамандар Ирина Гальянова мен Маргарита Леонтьева (суретте) әзірлейді.

Ш. БАТЫРХАНОВ.
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ.

ЖӘРДЕМАҚЫ КӨБЕЙДІ МЕ?

ДЕРЕК КӨЗІ БОЙЫНША, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА 7848 МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛА АРНАЙЫ ЖӘРДЕМАҚЫ АЛСА, ОНЫҢ ІШІНДЕ БІРІНШІ ТОПТАҒЫ МҮГЕДЕК САНАТЫНДАҒЫ 1299 БАЛАНЫҢ ТИІСТІ ЖӘРДЕМАҚЫСЫ ШІЛДЕ АЙЫНАН БАСТАП КӨБЕЙГЕН ЕКЕН.

- Қазір аймақтағы 1299 жәрдемақы алушының құжаттары қаралып, бекітілген шешім бойынша төлемдерді төлеу жүзеге аса бастады. Атап айтқанда, мүгедек баланы тәрбиелеушіге және бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне байланысты берілетін жәрдемақы осы жылдың 1 шілдесінен бастап 31 183 теңгеден 41 578 теңгеге дейін көбейді, - дейді еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті облыстық департаменті басшысының орынбасары Жәнібек Дәлібаев.



САЛЫҚ ТӨЛЕДІҢІЗ БЕ?

АЙМАҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КІРІС ОРГАНЫНЫҢ ХАБАРЛАУЫНША, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖЕР, КӨЛІК ЖӘНЕ МҮЛІК САЛЫҚТАРЫ БОЙЫНША ҚАРЫЗЫ 2 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕДЕН АСҚАН.



Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер Департаменті басшысының орынбасары Айдын Сауданбековтың сөзінше, бұл қарыздардың көбі бұрнағы жылдан бері қордаланған сомалар екен. «2018 жыл үшін жеке тұлғалардың мүлік салығын, жер салығын төлеу мерзімдері 2019 жылғы 1 қазанға келеді. 2018 жылға көлік салығын төлеу мерзімі 2018 жылдың 31 желтоқсанында өтіп кетті, ал 2019 жылға көлік салығын 2019 жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей төлеу тиіс. Қазір жазғы маусым болғандықтан, демалыс уақытын көпшілік адам шетелде демалуды жоспарлайды, сонда салық берешегі болған жағдайда оларға шетелге шығу қиындық туғызады. Сондықтан, жеке тұлғалар салық бойынша берешектің бар-жоғын тексеруі қажет. Ең дұрысы салықты уақтылы төлеу керек» - дейді ол.

Дайындаған: С. НҮСІП.

ШАРУАШЫЛЫҚ

СУ ҚОЙМАСЫНДА ЖҰМЫС ҚЫЗУ

АҚСУ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ ҚЫЗЫЛАҒАШ СУ ҚОЙ-МАСЫНДАҒЫ БӨГЕТТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛУҒА ШАҚ. БІРНЕШЕ АЙДАН СОҢ БҰЗЫЛҒАН СУ ҚОЙМАСЫНЫҢ ОРНЫНДА ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАР МЕН СТАНДАРТТАРҒА ЖАУАП БЕРЕТІН ЖАҢА СУ ҚОЙМАСЫ, ЕҢ БАСТЫСЫ ҚАУІПСІЗ СУ ҚОЙМАСЫ ЖҰМЫС ІСТЕМЕК.

Қуатты тас-бетон құрылысы метр су сақтауға болады. Жаңа қазіргі автоматика мен компьютерлік бөгеттің ұзындығы 310, биіктігі технологияларды пайдалану арқылы 55 метрден асады. Бүгінгі таңда ерекшеленеді. Мамандардың сөзінше, қоймаға 42 миллион текше 120 жұмысшы жұмылдырылған.



Ал құрылыс жұмысына жауапты Талдықорғандағы «Қазсушар» мемлекеттік мекемесі.

Маңызды нысан қолданысқа берілгенде аймақтағы 7 мың гектар суармалы алқапты толық игеруге мүмкіндік беріlmек. Қазіргі таңда Ақсу ауданына қарасты диқан шаруалар Қызылағаш су бөгетінің іске қосылуын тағатсыздана күтуде. Өйткені, олар осыған дейін судың тапшылығынан тек мал өсірумен айналысса, енді қосымша егін егуге ден қоймақ.

Естеріңізге сала кетейік, 2010 жылы 12 наурызда Қызылағаш су қоймасының арнасы толып, бөгет шыдас бермей бүкіл бір ауылды қызыл су шайып кеткен еді.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ

«БІЗ ЛАГЕРЬГЕ БАРАМЫЗ»

Қапал ауылында «Тамшыбұлақ» стационарлық демалыс орны ашылды



«Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерьге барамыз» демекші, ақсулық балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында Қапал ауылында 55 орындық «Тамшыбұлақ» стационарлық лагері ашылды.

Табиғатымен тамсандырған, көрікті ауылда орын тепкен лагерьде балалардың толыққанды демалуы мен сауығуы үшін барлық жағдай жасалған. Қажетті атрибуттары, бірнеше жатын корпусы бар демалыс орнында алты маусым ішінде көп балалы және аз қамтылған отбасынан шыққан 300-ге тарта оқушы денсаулығын нығайтып, күш жинай алады.

Қандай бала болсын олардың әрқайсына еліміздің ертеңі деп қарасақ, әр күнін шаттыққа толтыру маңызды. Ал өз қуанышын жасыра алмаған ауыл тұрғындары бұл өңірдің соңғы игі істері емес деп сенеді.

Сондай-ақ, «Самұрық-Қазына» АҚ «Менің елім» әлеуметтік-инвестициялар бағдарламасын жүзеге асыруда «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының директоры Диас Азбергенов осы елді мекен тұрғындары үшін нағыз ашық аспан астындағы спорт кешенін тарту етті.

800 шаршы метрде жасанды жабыны бар футбол алаңы, жаттығу аймағы, қауіпсіздік техникасы сақталған алаңы бар кешен ауыл балалары мен жасөспірімдерінің уақытын тиімді әрі қызықты өткізуіне және физикалық дамуына да таптырмайтын ыңғайлы орын.

- «Самұрық-Қазына» компаниясы бізге тамаша сыйлық жасады. Осындай тамаша тарту жасаған біздің жерлесімізге үлкен рахмет айтамыз. Енді ашық аспан астындағы спорт кешеніне келіп денені шынықтырумен шұғылданып, денсаулығымызды нығайтып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға мүмкіндік мол», - дейді ауыл тұрғындары.

Қапалдықтардың осындай қуанышты сәтіне ортақтасқан біз де ауыл ішінде осындай тамаша нысанның бой көтергеніне қуандық. Енді, ел игілігі үшін жасалған нысанның қирап қалмауына жол бермеу, сақтау, қорғау, ең маңыздысы осы.

С. ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ.
АҚСУ АУДАНЫ.

ӨЗЕКЖАРДЫ

ӘР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ ШАМАМЕН 130 КИЛО «ЕКІНШІ НАН» ӨНІМІН ТҰТЫНАДЫ ЕКЕН. ДЕМЕК, КАРТОПТЫҢ КӨТЕРМЕ САУДАДАҒЫ БАҒАСЫН 50 ТЕҢГЕДЕН ДЕП АЛҒАННЫҢ ӨЗІНДЕ ӘР АДАМ ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ БОЙЫНА 6500 ТЕҢГЕ ҚАРАЖАТТЫ ТЕК ОСЫ ӨНІМГЕ ЖҰМСАЙДЫ ДЕГЕН СӨЗ. АЛ БҰЛ СОМАНЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК СЕБЕТІН ТҰТЫНАТЫН АДАМ САНЫНА КӨБЕЙТКЕНДЕ, ОТАНДЫҚ КАРТОП ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТАБЫСЫ ШАШ ЕТЕКТЕН БОЛЫП ШЫҒАДЫ. БІРАҚ, ШЫН МӘНІНДЕ СОЛАЙ МА?

КАРТОП БОЛСА, ЕЛ ТОҚ БОЛА МА?

Жасырмай айтсақ, еліміздегі картоп өніміне деген сұраныс басқа да азық-түлік тауарлары сияқты сыртқы нарыққа толықтай тәуелді. Яғни, отандық агроөнеркәсіп кешені қазақстандықтардың сұранысын қамтуға қауқарсыз. Өнімділіктің төмен болуы мен дайын өнімнің өзіндік құнының тым қымбатқа шығуы өз топырағымызда өнген картоптың ішкі нарықтағы бағасын қымбаттатуға мәжбүр етеді. Оның үстіне, жергілікті өнімді импорт тұншықтырып отыр. Дерек бойынша, тұтыну себетіндегі күн сайынғы сұранысқа ие көкөністің көп бөлігін біз сырттан тасимыз. Бұл тізім бойынша қызанақтан кейінгі орында картоп тұр. Мәселен, соңғы 5 жыл көлемінде Қазақстан нарығына жалпы құны 70 млн. АҚШ доллары болатын қызанақ және 16 млн. доллар тұратын картоп өнімі кірген. Ал қырыққабат импорты үшінші орында, оның бағасы 14 млн. доллар шамасында екен.

Бір қызығы, отандық түбірлі жеміс өнімінің экспорты жыл сайын ұлғайып келеді. Мамандардың сараптауы бойынша, қазақ даласында өскен картоп, пияз өнімі солтүстіктегі көрші елде жоғары сұранысқа ие болып отыр. Өсіресе, Ресей мен Еуропа елдері арасындағы сауда санкциялары кезінде қазақстандық көкөніс пен жеміс-жидекті қатарып сатып алу үрдісі басталған. Бұл Ресейдің ішкі нарығындағы тұтыну сұранысын қамтамасыз ете алмауынан болып отырған көрінеді. Ресей кеден қызметінің мәліметінше, 2017-2018 жыл аралығында Қазақстаннан импортталған қызынақ көлемі 19 есеге, қияр өнімі 10 есеге, қырыққабат 5 есеге және сәбіз, қызылша сияқты жемістер үлесі де 3 жарым есеге бірден өскен. Мұның ішінде картоп тасымалы 2 есеге дейін көбейіпті. Демек, қазақстандық өндірушілер отандық нарықты картоп өнімімен толықтай қамти алмай отырғанына қарамастан, сыртқы нарыққа қызмет етуге ынталы екендіктерін байқатады. Өрине, бұл еліміздің «Азық-түлік қауіпсіздігі» доктринасына өрескел қайшы болғанымен, агроөнеркәсіп кешенінің өкілдерін түсінуге болады. Яғни, ішкі нарықтағы сұраныс жоғары болғанымен, тұтынушылардың сатып алу қабілетінің төмендігі дайын өнімді импорттауға итермелейтін көрінеді. Мысалға, экономистер дәл қазіргі жағдайда базардағы картоптың бастапқы құны 250

теңге шамасында болуы керек деп есептейді. Ал сөредегі картоп бағасы бірқатар аймақта 135-170 теңге аралығында құбылып ұстап тұр. Түсінікті болу үшін айта кетейік, бұл баға өткен жылдың сақталған өнімінің құны. Демек, мемлекет халық тұтынатын азық-түлік тауарының бағасын субсидиялау арқылы барынша төмендетуге тырысып отырғаны анық.

Бірақ, картоп бағасының маусым сайын күрт құбылуына ауыл шаруашылығы еңбеккерлері кінәлі болмауы керек. Қазір диқан қауымы егіс басында бел жазбай еңбектеніп, тұқым себумен жаппай айналысып жатыр. Жалпы, басқа өнім түрлерін былай қойып, отандық нарықты қолжетімді бағадағы картоппен қамтуда ауылдағы ағайынның еңбегі өлшеусіз. Олардың қатарында Жетісудың Нарынқол өңірінің де үлесі бар.

Өсіресе Нарынқол топырағында өнген картопқа сұраныс жоғары. Алматы қаласының тұтынушылары үшін қазір таулы өлкеде өскен «екінші нан» дефицитке айналған. Өйткені, соңғы екі жылдан бері Райымбек ауданында өнеркәсіптік картоп өндірісі дами бастады. Нәтижесінде өткен жылы Нарынқол топырағында өнген картоптың элиталық тұқымы 100 гектарға шаққанда 300 центнерден өнім беріпті. Бұл бұрынғыдан 2 есе жоғары көрсеткіш екен. Ал дайын өнім крахмал зауыты мен картоп сірнесін жасауға жөнелтілуде.

— Кезінде осы Нарынқол өңірінде картоп егетін алқаптың көлемі 8 мың гектардан асатын еді. Қазір соның төрттен бірі ғана қалды. Нұет болғанымен, мүмкіндік шектеулі болды. Біздің ұжым 2017 жылы 200 гектар алқапқа картоп егіп, одан 5 мың тонна өнім алды. Техника мен тұқым жайы жақсарса, көлем артып, өнім де көбейеді ғой. Біз мемлекет тарапынан қолдауды енді сезініп жатырмыз. Алматы облысында былтырдан бері картоп шаруашылығын жандандыруға 132 млн теңге қаражат жұмсалды. Нәтижесінде аудандағы картоп егумен айналысатын шаруа қожалықтарына техникамен көмек көрсететін 2 сервистік орталық құрылды, — дейді Райымбек ауданындағы «Өрнек» шаруа қожалығының басшысы Талғат Түсіпқожаев.

Г. АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ.

Дүйсенбі - Понедельник, 8 шілде	
 ҚАЗАҚСТАН	20.45, 23.00 X/ф «Подари мне жизнь» 22.00, 02.30 «П@УТИНА» 00.30 Ночной кинотеатр «Я вернусь» 04.05 «Той заказ»
06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары» 06.35 «Masele» 07.10 «Ұлттық домбыра күні» 08.20 «Елбасы жолы. Астана» 11.10 М/ф «Аңдар шаһары» 13.00, 02.35 «Апта» 14.00 «Көңілді тапқырлар алаңы» 16.20 Д/ф «Елбасы» 17.00, 20.00, 00.25,04.25 AQPAPAT 17.15 Т/х «Бізбен бірге» 18.10 Т/х «Қайран күндер» 20.40 Т/х «Отыңды өшірме» 21.40 Т/х «Гүлпері» 22.40 Т/х «Бізбен бірге» 23.30 Т/х «Құбылай хан» 01.00 Ток-шоу «Шаңырақ» 01.50 «Qyzyq eken...» 03.35 «Қарекет»	 КТК 07.05, 03.40-04.30 «КТК қоржынынан» 07.30 Т/х «Қайсар жесір» 08.20, 01.40 Т/х «Женнеттің көз жасы» 09.50 «Юрмала» 10.30 X/ф «Вкус любви» 12.40 X/ф «Кино по поняти-ям» 14.30 Мелодрама «От нена-висти до любви» 16.30, 01.10 Т/х «Аталар сөзі» 17.10 «Шымкент шоу» 18.30 Асхат Тарғынның шығармашылық кеші 21.00 «Бизнес по-казахски в Африке» 22.50 X/ф «Сильнее судьбы» 00.30 Юрмала 01.35 Т/х «Женнеттің көз жасы» 03.00 «Әйел қырық шырақты»
 ХАБАР	

06.00 «Тамаша» 07.00 М/с «Тобот» 07.20 «Таңғы хабар» 09.30 Концерт «Ұлттық дом-быра күні» 10.40 Кино «Келинка тоже человек» 12.10 Концерт «Ұлы дала дауысы» 13.10 Т/с «Атлантида» 14.50 Т/х «Құстар әні» 16.45 Арман Дүйсеновтың шығармашылық кеші «Армандаған достық» 18.45 Т/х «Өгей жүрек» 19.30 Т/х «Бәсеке» 20.00, 01.30 Қорытынды жаңалықтар 20.30 Д/ф «Жаңғыру жолы. Ұлы дала өркениеті» 21.00 Итоги дня 21.30 Мегахит. «Малавита» 23.20 Концерт «Махаббат»	07. 05 Ән әлемі 07.20 Концерт «Менің өлкем» 09.00 Апта (қаз) 09.50 Ән әлемі 10.00 Апта (рус) 10.50 Спорт тайм 11.15 Полиция қызметі, 11.30 Мультфильм 12.40 Қазақ әні 13.30 К/ф «Қош бол Гүлсара» 15.10 Р.Әлқожаның концерті 17.00 К/ф «М.Шоқай» 19.30 Д/ф «Бейбітшілік қабырғасы» 20.00 Бай қуатты болайық 20.30 Концерт «Махаббат әуені» 21.35 Туржорық 22.00 Телесериал «Елес» 22.35 Концерт «Үшқоңырға кел»
--	---

 АСТАНА
06.00 Концерт 07.00 Аружанмен бой жазу 07.10 Разминка с Аружан 07.20 «Біздің уақыт» 08.05, 12.45 Мультфильм 10.00, 22.00 Т/х «Абысын-дар» 11.00 Т/с «След» 12.00 «Избранное за не-делю» 13.45 «Ұлы дала комедия-сы» 15.30 Т/х «Үмітіңді үзбе» 16.30 Т/х «Қорғансыз» 17.30 «KazNet» 18.00, 01.30 Т/х «Кешіккен хат» 19.00 «Туған үйім – тірегім» 21.00 Т/х «Үмітіңді үзбе» 23.00 «Көкжалдар» 00.30 Т/х «Жетер»

 ЕВРАЗИЯ
06.00 «Той базар» 06.40 «TAMADA BATTLE» 07.35 Концерт «Көктем шауғы» 09.00 «Поле чудес» 10.00 X/ф «Иван Василье-вич меняет профессию» 12.00 «КВН» 15.00 «Добрый вечер, Казах-стан!» 16.00 X/ф «Колдовское озеро» 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 18.45, 03.15 «Астанаға тар-ту» концерт 20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВО-СТИ»

 31 КАНАЛ
05.58 ӘНҰРАН 06.00, 03.40 «Ризамын» 07.00, 05.30 Әзіл студия 08.00 What's App 09.30 Әзілдер жинағы 10.00 Фильм-концерт 12.00 X/ф «Вэлиант» 13.50 Кино «Заложница-2» 15.50 Кино «Воздушный маршал» 18.30 Кино «Рэд» 21.00 Кино «Неудержимые» 23.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана әзілдері 01.00 Кино «Біржан Сал» 03.00 «Келіндер бәйгесі»
 7 КАНАЛ
06.00,12.50, 05.00 Т/х «Жаңа Келін» 07.00, 21.05, 03.00 Т/х «Элиф» 09.00 X/ф «Месть пушистых» 11.00 Концерт «Астана дауысы» 15.00 X/ф «Брат или Брак» 17.00 X/ф «Брат или Брак-2» 19.00 Т/с «Охотник за голо-вами» 21.00 Лотерея 777 23.10 Т/х «Зың-зың Күлпаш» 00.10 «Спецотряд «Кобра 11» 02.10 «KZландия» 03.45 Т/х «Жазмыш»

Сейсенбі - Вторник, 9 шілде	
 ҚАЗАҚСТАН	06.05, 14.00 «Көңіл толқыны» 06.20 «Қазақ даласының құпиялары» 06.50 «24 сағат табиғат құшағында» 07.25, 17.00,20.00, 00.25, 04.25 AQPAPAT 08.00 «TANSHOLPAN» 10.00, 01.45 «Қызық екен» 10.50, 18.10 Т/х «Қайран күндер» 12.35, 03.10 «JAN JYLYY» 13.00 Т/х «Ауыл сақшысы» 15.00, 21.40 Т/х «Гүлпері» 16.00, 01.00 «SHANYRAQ» 17.15 Т/х «Бізбен бірге» 20.40 Т/х «Отыңды өшірме» 22.40 Т/х«Бізбен бірге» 23.30 Т/х «Құбылай хан» 02.35 «Ақсауыт» 03.35 «Қарекет»
 КТК	07.05 «Шымкент шоу» 07.30 Т/х «Қайсар жесір» 08.20, 01.40 Т/х «Женнеттің көз жасы» 09.50 Юрмала 10.20 ОX/ф «Бизнес по-казахски в Америке» 12.40, 23.40 X/ф «Сильнее судьбы» 14.30 X/ф «От ненависти до любви» 16.30, 01.10 Т/с «Аталар сөзі» 17.00 Мерекелік концерт 18.00 Т/с «Сүйікті Дениз-2» 19.30 Кешкіжаңалықтар 20.00 Астарлы ақиқат 21.00 Вечерние новости 21.30 Т/с «Лесник» 03.00 «Әйел қырық шырақты» 03.40 – 04.30 «КТК» қоржынынан»
 ХАБАР	

06.00 «Тамаша» 07.00 М/с «Тобот» 07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар» 08.00, 12.00 Жаңалықтар 09.00, 13.00 Новости 10.00 Мегахит «Малавита» 12.10 «Тарих. Тағдыр. Тұлға» 13.10 Т/с «Атлантида» 15.00 «Давайте говорить» 16.00, 00.00 «Менің тағдырым» 16.40 Т/х «Тергеушілер» 17.15 «Ұлы дала өркениеті» 18.00, 23.15 Т/х «Жұмбақ жандар» 18.45 Т/х«Өгей жүрек» 19.30 Т/х «Бәсеке» 20.00, 00.30 Қорытынды жаңалықтар 20.30 «Online» 21.00 Итоги дня 21.30 Т/с «На крыльях любви» 22.15 Т/х «Өз үйім» 01.00 Т/с «Вишневый сезон»	07. 05 Ән әлемі. 07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама 09.00 М.Медетовтың концерті 10.05 Туржорық 10.30 Бай қуатты болайық 11.00 Телесериал «Елес» 11.40 Д/ф «Бұқар жырау» 12.00 Шашу 13.00 К/ф «М.Шоқай» 15.30 Концерт В.Бойченко 17.00 Жаңалықтар 17.20 Новости 17.35 Д/ф «Қ.Сәтпаев» 18.00 Шашу 18.50 Д/ф «Әнмен өрілген ғұмыр» 19.00 Тұжырым 19.30 «Оқырман» әдеби клубы 20.15 Net.laik 20.30 Жаңалықтар 21.00 Тарих парақтары 21.30 Новости 22.00 Телесериал «Ақ күң» 22.35 Әмірі өнеге К.Көжекбаев 23.00 Жаңалықтар 23.30 Новости
--	--

 АСТАНА
06.00, 03.30 «Ән мен әзіл» 07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулары 07.10 Разминка с Аружан 07.20, 17.30 «Kaznet» 07.50 Мультфильм 09.50 «Доктор рекомендует» 10.00, 22.00 Т/х «Абысын-дар» 11.00 Т/с «След» 13.00 X/ф «Пушистый шпи-он» 14.30 Концерт «Тау-тау сезім» 15.30 Т/х «Үмітіңді үзбе» 16.30 Т/х «Қорғансыз» 18.00, 00.30 Т/х«Кешіккен хат» 20.00, 02.30 Жаналықтар 20.30, 03.00 Новости 20:30 21.00 Т/х «Үмітіңді үзбе» 23.30 Т/х «Бір туған»

 7 КАНАЛ
06.50,12.50, 05.00 «Жаңа келін» 07.00, 21.05, 03.00 Т/х «Элиф» 09.00 М/с «Черепашки-ниндзя» 10.30, 19.00 Т/с «Охотник за головами» 15.00, 03.45 Т/х «Жазмыш» 16.10 Т/с «Право на ошибку» 17.00, 00.10 Т/с «Спецотряд «Кобра 11» 21.00 Лотерея777 23.10 Т/х «Зың-зың Күлпаш» 02.10 «KZландия»
Считать недействительными утеранные карточки до-пуска (международные перевозки грузов ИП «Тухтахунов С.») на автомашины: 1. B633CAO 2. 809ZMA05 3. 82HBA05 4. 35ABA05 5. 57HYA05 6. 635ANA05 7. B302EWO

Сәрсенбі - Среда, 10 шілде	
 ҚАЗАҚСТАН	06.05, 14.00 «Көңіл толқыны» 06.20 «Қазақ даласының құпиялары» 06.50 «24 сағат табиғат құшағында» h 07.25,17.00, 20.00, 00.25, 04.25 AQPAPAT 08.00 «TANSHOLPAN» 10.00, 02.55 «Qyzyq eken...» 10.50, 18.10 Т/х «Қайран күндер» 12.35, 02.30 «Ұлы дала өркениеті» 13.00 Т/х «Ауыл сақшысы» 15.00, 21.40 Т/х «Гүлпері» 16.00, 01.00 «SHANYRAQ» 17.15, 22.40 Т/х «Бізбен бірге» 20.40 Т/х «Отыңды өшірме» 23.30 Т/х «Құбылай хан» 01.50 «Мінбер» 03.35 «Қарекет»
 ХАБАР	

06.00 Тамаша 07.00, 10.00 М/ф«Тобот» 07.30, 08.10, 09.10 Таңғы хабар 08.00,12.00 Жаңалықтар 09.00, 13.00 Новости 10.20 «Тур де Хабар» 10.50 «Символы нашей родины» 11.25, 19.30 Т/х «Бәсеке» 12.10 «Важно знать» 12.30 «Алтын бесік» 13.10 Т/с «Атлантида» 15.00 «Давайте говорить» 16.00, 21.30 Т/с «На крыльях любви» 16.45 Т/х «Тергеушілер» 17.15 «Сені іздедім» 18.00, 23.15 Т/х «Жұмбақ жандар» 18.45 Т/х «Өгей жүрек» 20.00, 00.30 Қорытынды Жаңалықтар 20.30 Online 21.00 Итоги дня 22.15 Т/х «Өз үйім» 00.00 Менің тағдырым 01.00 Т/с «Вишневый сезон»	09.50 Новости 10.20, 21.30 «Лесник» 12.40, 23.40 «Сильнее судьбы» 14.30 «Балерина» 16.30, 01.10«Аталар сөзі» 17.15 Мерекелік концерт 18.00 Т/х«Сүйікті Дениз-2» 19.30 Кешкі Жаңалықтар 20.00 «Астарлы ақиқат» 21.00 Вечерние новости 03.00 «Әйел қырық шырақты» 03.40-04.30 КТК ҚОРЖЫНЫНАН
---	---

 АСТАНА	 31 КАНАЛ
06.00, 03.30 «Ән мен әзіл» 07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулары 07.10 Разминка с Аружан 07.20 «Қош келдініз!» 08.00, 13.30 Мультфильм 10.00, 22.00 Т/х «Абысын-дар» 11.30 Т/с «След» 14.50 «Ел аузында» 15.30, 21.00 Т/х «Үмітіңді үзбе» 16.30 Т/х «Қорғансыз» 18.00, 00.30 Т/х «Кешіліккен хат» 20.00, 02.30 Жаңалықтар 20.30, 03.00 Новости 23.30 Т/х «Бір Туған»	05.58 ӘНҰРАН 06.00, 03.40 Ризамын 07.00, 04.30 Әзіл студия 08.00 What's App 09.00 М/с «Маша и мед-ведь» 11.30 Т/с «Мехектің өмірі» 12.30, 23.30 Т/с «Үш қыздың құпиясы» 14.30 М/с «Тимон и Пумба» 15.00 М/с «Лило и Стич» 16.00 Т/с «Воронины» 17.30 Т/с «Ивановы-Ивановы» 20.00 Информбюро 21.00 Кино «Неудержи-мые-3» 01.20 Кино «Охота за при-зраком» 03.00 «Келіндер бәйгесі» 05.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері

 ЕВРАЗИЯ	 7 КАНАЛ
06.00«Той базар» 06.40, 04.15«Той заказ» 07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар» 08.00 «Қайырлы таң» 11.00 Т/с «Круговорот» 12.00 «Қалаулым» 15.00 Т/с «Ангел-хранитель» 16.55 «Пусть говорят» 18.45, 03.15 «Пендемиз ФОСТ» 20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20.45, 23.00 Т/с «Гончие» 22.00, 02.30«П@УТИНА» 00.30 Кино «Я вернусь»	06.00,12.50, 05.00 Т/х «Жаңа келін» 07.00, 21.05,03.00 Т/х «Элиф» 09.00 М/с «Черепашки-ниндзя» 10.30 Т/с «Охотник за голо-вами» 15.00, 03.45 Т/х «Жазмыш» 16.10 Т/с «Право на ошибку» 17.00, 00.00 Т/с «Спецотряд Кобра 11» 19.00 X/ф «Охота на зверя» 21.00 Лотерея777+Лотарея 6/49 23.10 Т/х «Тақиясыз періште» 02.10 KZландия
 КТК	
07.05Кешкі Жаңалықтар 07.30 Т/х «Қайсар Жесір» 08.20, 01.50 Т/х «Женнеттің көз жасы»	

ЗАҢ АЯСЫНДА

КӘСІПКЕРДІҢ ҚҰҚЫ ҚОРҒАЛДЫ

Алматы облыстық кәсіпкерлер палатасы баспасөз қызметінің хабарлауынша, Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің Алматы облысы бойынша Өңірлік сектор аппаратының араласуынан кейін Еңбекшіқазақ және Талғар ауданының әкімдіктері «ДСУ-13» АҚ ірі құрылыс кәсіпорнына селолық округтерде су тасқынының салдарын жою мақсатында орындалған жұмыстар үшін 32,6 млн теңге көлеміндегі қаражатты төлеуге міндеттелді. Алайда оң нәтижеге жету үшін кәсіпкерге үш жыл уақыт керек болды.

Істің құжаттары бойынша 2016 жылы Еңбекшіқазақ және Талғар аудандарында өзендердегі су деңгейінің көтерілуіне байланысты жергілікті атқарушы орган бірқатар қала мен ауылдарда төтенше жағдай жариялады. Су тасқынының салдарын жою бағытында Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі тарапынан «ДСУ-13» компаниясына техникалық құралдарды жұмылдыру туралы жазбаша өтініш келіп түсті. Өз кезегінде кәсіпорын қалпына келтіру жұмыстарын толықтай жүргізген. Атқарылған жұмыстар сомасы 30 446 205 теңгені құрады. Жұмыс көлемінің толығымен орындалғаны растайтын құжаттармен және фотоматериалдармен дәлелденген. Алайда құрылыс бөлімі себепсізден қаражатты төлеу мерзімін кешіктірді. Компанияның өтініштері еш нәтиже бермеді.

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жүгіну барысында «ДСУ-13» АҚ шағымы қанағаттандырылмады. 2018 жылдың шілде айында Алматы облыстық сотының Азаматтық істер жөніндегі сот коллегиясы да шешімді өзгертусіз қалдырады. Сот

барысында әкімдік екі жақ арасындағы келісім-шарттың жоқтығына сілтеме жасап, қаражатты төлеуден бас тартты.

Кәсіпорын Талғар ауданы әкімдігімен дәл осындай жағдайға да тап болған. Жергілікті атқарушы орган су тасқынының зардаптарын жою бойынша атқарылған жұмыстар үшін 2 178 740 теңгені төлеуден бас тартқан.

Осыдан кейін кәсіпорын Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасына жүгініп, жағдай Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің Алматы облысы бойынша Өңірлік сектор аппаратының жіті қадағалауына алынды.

Іс бойынша материалдарды зерттеу барысында Еңбекшіқазақ ауданының құрылыс басқармасы «ДСУ-13» АҚ атына келісім-шарт жобасын уақытылы жолдамағаны белгілі болды. Бұл өз кезегінде мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы бұзу фактісі болып табылады. Сонымен бірге сот тапсырыс берушілер қол қойған растайтын құжаттарды есепке алмаған.

«Сотқа жүгінген соң Алматы облыстық сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасы соттың бірінші сатысында жол беріліп, істің қорытындысына әсер еткен заң бұзушылықтарды анықтады. Осыған байланысты сот алқасы жұмыстарды орындаудан келтірілген залалды өндіріп алу жөніндегі талап қоюшының талаптарын қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарды. Осылайша жергілікті атқарушы орган кәсіпкерге 30 млн теңгеден астам қаржыны төлеуді міндетті. Алматы облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Талғар ауданы қатысты шағымды да қанағаттандырып, әкімдікті 2 млн. теңгеден астам соманы төлеуге міндетті», - деп атап өтті Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің Алматы облысы бойынша Өңірлік сектор аппаратының меңгерушісі Қанат Қабдиев.

Ш. ХАМИТОВ.

САЙЫС

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ РАБОТОТЕХНИКА БОЙЫНША ҚҰРАМА КОМАНДАСЫ "WRO-2019" ҰЛТТЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ АТАНДЫ.

ӨНЕРТАПҚЫШТАР ТАЛҒАМЫ ТАМСАНТТЫ

САЙЫС

Барлық елден ең мықты командаларды жинаған сайыс (барлығы 240 бала) Павлодар қаласында өтті. Бұл жылдың тақырыбы - "Smart Cities" деп аталыпты.

Робототехник мұғалімі Николай Авдуниннің жетекшілігімен аталмыш мектеп оқушылары сарапшыларға өздерінің төрт бірдей жобасын ұсынған болатын. Нәтижесінде «Суретші робот» жобасы бойынша 11 сынып оқушысы Даниил Филимонов пен 9 сынып оқушысы Элина Пак Орен Senior санатында бірінші орынды иеленді. Ал робот мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларын сурет салуға, жазуға үйретуге арналған. Робототехниктердің айтуынша, бұл құрылғы тек оқытып қана қоймай, сонымен қатар нейрондық желі арқылы веб-камера арқылы әр оқушының жұмысын бағалайды.

«Роботтың әдістемелік базасы бар, оған сәйкес ол сурет салу сабақтарын жүргізе алады. Сондай-ақ, ол сөйлеу синтезаторымен және дауысты тану жүйесімен жабдықталған. Осы функциялардың арқасында робот оқушымен қарым-қатынас жасай алады, оған не істеу және одан командаларды қабылдауға қабілетті. Жақын арада біз сурдоаударма жүйесін енгізуді жоспарлаудамыз, ол біздің роботқа есту және сөйлеу қабілеті нашар балалармен қарым - қатынас жасауға көмектеседі», - дейді өз жоспарларымен бөліскен жоба авторлары.

Ал «Тапқыр» атты роботты байқау сарапшыларына бастауыш сынып оқушылары Никита Пак және Ангелина Долженко ұсынған болатын. Орен Elementary санатында шығармашылық жоба үшінші орынға қол жеткізді.

«Бүгінгі таңда әлемде барлығымыз үшін өте үлкен және маңызды мәселе бар,



бұл есте сақтау мен зейіннің нашарлауы, ол тек егде жастағы адамдарда ғана емес, балаларда да байқалады. Осы мәселені шешу жолында біз робот-тренажер-ойынды ұсынамыз. Осындай роботпен жаттығып, белгілі бір жаттығуларды орындау арқылы қысқа мерзім ішінде жұмыс жадысын және шоғырлану қабілетін жақсартуға болады», - дейді жас өнертапқыштар.

Келесі «Сапер-робот» жобасы бойынша Engineering Simplicity Honors Award номинациясымен 10 сынып оқушылары Дильназ Жемісбек пен Мадина Агламхан марапатталды. Оқушылардың айтуынша, бұл робот автомобильдердің астында жарылғыш құрылғыларды табуда үлкен көмек көрсетпек, осылайша, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін жақсартады.

Күз айында байқау жеңімпаздары арасында тағы бір тур өтпекші. Бұдан өткендер Қазақстан құрама командасына кіреді және Венгрияның астанасы Будапешт қаласында «WRO-2019» Дүниежүзілік Олимпиадасында робот техникасы саласындағы үздік өнертапқыштармен сынға түсетін болады.

С. ӘЙТЕНОВА.

«АНА ТІЛІ – БӘРІМІЗДІҢ АНАМЫЗ»

ОЙҰШҚЫН

«Ұлттың тілі – ұлттың ділі» демекші, қандай ұлтың болмасын ең басты байлығы – ана тілі дер өдім. Тілін жоғалтқан ел жеке мемлекет болып, өзге елдермен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтындығы белгілі.

Ендеше, ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егеменді ел болып жатқан сындарлы сәтте мемлекетіміздің нышаны болған ана тілімізді бүкіл тіршілігіміздің түп

қазығына айналдыру басты міндетіміз екенін естен шығармаған жөн.

Өкінішке орай, қазір үй ішінде, сыртта, қоғамдық орындарда орысша сөйлеп, қазақ тілінің сөйлеу өрісін тарылтып, қолданылу аясын әлсіретіп жүрген жандар баршылық. Тіпті жоғарғы жақтағы басшылардың өзі орыс тілінде сөйлейді, қазақша сөйлегеннің өзінде тілі шұбарланып тұратынын қайтерсіз? Міне, бұл біздің басты кемшілігіміз демеске амал жоқ. Қазір көптеген жас өз ана тілін дұрыс білмейді. Ауылдық жерде жақсы,

қалалық жерлерде тіл құнарлылығы сұйыла түскендей ме дейсің. Халықтың тарихта қалуы тіліне, тілінің сақталуына байланысты екенін білгеннен не қайыр?!

Айтпағым, ата-бабамыздан қалған асыл қазына тілімізді сақтаудың тиімді жолы – отбасында ана тілінде сөйлеп, айналадағы дүние туралы сол тілде айтып, сол тілде қуаныш ренішінді бөлісіп, өзінді, өзгені жұбату болып табылады. Бұл - ана тілінің қадір-қасиетін арттыра түсетіні даусыз. Ақын Оразақын Асқар ағамыз айтпақшы:

Көрінесің көзге шыққан сүйелдей,
Сұрақтар да шашу болып

тиер кей.

Құтылмайсың барлық тілді

білсең де,

Өз тіліңнің көмегіне сүйенбей...
Ана тілде ата-баба сыры бар,
Аудармадан түпнұсқадай кім ұғар.

Өсе келе құстың тілін білсең де,
Ана тілсіз оның қандай құны бар.

«Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы» деген сөзді жадымыздан өшірмейікші...

Айя ӘНУАРҚЫЗЫ,

№4 орта мектептің оқушысы.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ



БАЛА ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАПҚАН

БАЛАЛАР ҮШІН ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫҢ ОРНЫ ТЫМ ЕРЕКШЕ ДЕСЕК, МЕКТЕП ЖАНЫНАН АШЫЛҒАН ЛАГЕРЬ БАЛАНЫҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУЫНА СЕПТІГІ ЗОР. МҰНДА ОЛАР ТЕК ДЕМАЛЫСЫН МАЗМҰНДЫ ӨТКІЗІП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ЖАҢА ДОСТАР ТАБАДЫ.

№28 ІТ мектеп-гимназиясында ұйымдастырылған «Bala-Land» жазғы демалыс лагеріне барған қызым Сәбен Нұрай да демалысын жақсы өткізді. Балалардың жазғы демалысын пайдалы әрі қызықты өткізуіне лагер жетекшісі: Г.Бимолданова, тәрбиешілер: Б.Жамбаева, А.Ахметбекова, Д.Мұқатаева, М.Тұрсынәлі мен А. Қанатқызы елеулі үлес қосты. Бала жүрегіне жол тауып, олардың бос уақытын тиімді әрі қызықты етіп өткізуіне, қызығушылықтарын оятуға белсене кірісіп, түрлі фестиваль ұйымдастырған

тәрбиешілерге қалай риза болмассың.

«Аялаған Астана» сурет конкурсы, кино әлемі, ойын күні және «Батпырауық» фестивалі балалардың өнерге, өмірге деген сүйіспеншілігін одан әрі арттыра түсті. Мектеп жанынан осындай тамаша лагер ұйымдастырып, балаларды қуанышқа бөлеген білім ошағының басшысы Г. Еспановаға да ата-ана ретінде алғыс айтқым келеді.

Дина ТАЙЖАНОВА.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.



Жалғасы. Басы өткен санда

Түрі түрікке ме, әзірбайжанға ма келетін, толқынды қара шашы аққұба жүзіне үйлесе кеткен, орта бойлы, толықша денелі, кісіге именіп қарайтын жәудір көз тоқал келе сала еркек біткенді жалт қаратқан. Сол күні тек бір-ақ адам мас боп жүріп көре алмай қалған. Бірақ көп ұзамай жұмысшылардың арасындағы жас тоқалға тамсанған әңгімелер азая берді, қол жетпес жұлдызға қараудың ба-янсыз іс екенін бәрі тез түсінгендей еді. Тек алқаш атанып кеткен, тісі жоқ, қырсық қойшы ғана сұлулыққа телміре қарауын қоя алмады...

Тоқалдың аты Гуля екен. Қожайын солай деп таныстырғанда, шын атын сұраған ешкім болмаған. Сол күйі сұралмай қалды.

Қойды өрістен айдап келген Морж бүгін де сау еді. Баяғыдай еліріп, екіленіп келмей, ыңылдата әндетіп кеп, аттан түсті. Басындағы далбайын шешіп, ша-шын саусағымен тарап, артқа қайырып қойды. «Уф» деп етігін шеше берді де, сәкіде құрт жасап, өзіне сыртынан қарап отырған Наяханды байқады.

— О, бәсеке, сені байқамай қалыппын ғой. Неге үндемей отырсың?

— Сен неге берген арақты ішпейтін болғансың, қараңқағыр? Не, қояйын деп жүрсің бе?

— Түһ, Найеке, қайтесің оны. Бастықтың маған белгілеп қойған паложыный арағы ғой, бере бер. Әр жағын өзім неғылам ғой, — деп Морж күліп қойды.

— Арақ ішпейсің, өмірі жұмайтын киімінді бір айда осымен екі рет жудың. Тегін емес қой оның бәрі...

Морж Наяханның бұл сөзін жауапсыз қалдырды. Күлімсіреп, сәл үнсіз тұрды да, өз сөзін айтты:

— Бүгін кешке біраз ән айтып, асықпай отырсақ қайтеді. Қаймағыңды, тәтті-пәттілеріңді көбірек салсаң?

— Тағы не істейін?

— Ештеңе. Мен қазір қойды кешкі өріске жайып тастаймын да, Қуандардан гитараны алып келемін. Одан соң қойды қамаймын. Содан кейін жайғасамыз.

— Сен осы...

Наяхан көзін сығырайта қарады. «Мойиңдамасаң да білем» дегендей жүзбен тесілді.

— Не болды, Найеке? — деді Морж ба-рынша жайбарақат жауап берген болып.

— Ана қатынды да шақырайын ба кеш-ке?

Морж қарқылдап күліп жіберді.

— Әй, Найекем-ай, ерекше туған адамсың ғой. Бәрін қайдан біліп қоясың осы.

Наяхан күлген жоқ. Ұялғаннан қызарып кеткен қойшыға сұсты көзімен қарап тұрды. Сәлден соң айтқаны:

— Өле алмай жүрсің бе? — болды. Морж күлкісін тыйды да:

— Мен оңайлықпен өлмеймін, Найеке, — деді.

Наяхан басын шайқады.

— Дәл бүгін-ертең бастық келмейтіні анық қой. Алматыға кеткені кеше, — деді Морж. Наяхан үндеген жоқ. Келіскен секілді. Соны аңдаған Морж:

— Рахмет, — деді де, етігін шешіп, жалаңаяқ жуынып-шайынуға кетті.

Кеше шашын да алғызған. Бұрын сы-пыртып, ұстарамен алғызатын болса, осы жолы екі жағын қайшымен жұқартып, үстін сиректетіп қойды. Күнде таңертең қойды айдап, ауылдан ұзап кеткен соң, ескі ақ футболканы басына орап, көзін ғана қалдырып, бетін жауып алады. Кеш-ке ауылға жақындағанда шешіп тастай-ды. Онысы нәтижесіз емес те сияқты. Бетіндегі жарылған, сызылған жерлер біраз жазылып қалды. Арақты басында жартысын ғана ішіп, қалғанын кешеден қалған бөтелкеге құйып, жинап жүрді. Қазір енді таңертең бір-ақ стақан ішеді. Оның өзі бірден қойып кетсе, жүрек жұмыс істемей қала ма деген қауіптен ғана. Әйтпесе ішкісі де келмейді.



МММЫРҒА

Кешке дастархан басына жұмысшылардың біразы жиналды. Арақ алуға келген жылқышылардың екеуі тамаққа қалыпты. Жасұлан шапқан шөпті үш-төрт күннен бері тасып жатқан бес-алты жігіт бар еді, олар да келіпті. Зияда мен Жасұлан бар.

Морж қойды қамап, анау-мынау шару-асымен айналышқтап жүріп алды да, ең соңынан кірді.

— Келіңіз-келіңіз, — деп аяқ жақта отырған шөпші жігіттер ысырылып орын беріп еді, оларға қарамай, төрге бір-ақ өтті. Отыра бере Наяханның жанында отырған Гуляға басын изеп амандасты да, Наяханға қарап жымыып қойды.

Отырғандар қожайынның қатыны келген соң, әдеттерінен жаңылып, не дұрыс тамақ іше алмай, не бір боқтасып, даурығып әңгіме айта алмай, томсырайып-томсырайып, тып-тыныш отыр екен. Моржға сол ұнамады:

— Бүгін менің туған күнім ғой, ағайын, — деді. Тісінің жоқтығын білдірмей, әріптерді анық айтуға тырысты. — Неге үндемей отырсыңдар бәрің? Не құттықтау жоқ, не сыйлық жоқ?

— Қой? Солай ма еді?

— Құтты болсын!

Бәрі жан-жақтан құттықтай бастады.

— Ертерек айтпайсың ба? — деді біреуі, ертерек айтса, сыйлық алып қоятын адамдай.

— Гитараны не үшін әкеліп қойды дейсіңдер. Бүгін бір әндетейін деп едім. Әйтпесе көп болды, адам құсап ән айтпағалы.

— Әп, бәрекелді!

— Бұл кісінің бұндай да өнері бар екен ғой?

— Менің қолымнан қой бағу ғана келеді деп ойлап па ең?

— Жоқ, ә, о не дегеніңіз.

Жұрт дуылдасып кетті. Үнсіз отырған екі-ақ адам бар. Бірі Гуля да, екіншісі Наяхан. Гуля келгеніне бір айға тая-са да, көрші отырған жұмыскерлермен бір дастарханда кездесіп отырғаны

бүгін еді. Өзін қалай ұстарын білмей, қысылыңқырап отыр. Осы уақытқа дейін араласқан жалғыз адамы Наяхан болған соң, соған қарай тығыла береді. Наяхан болса, Морждың айтып отырғанына сен-бегендей. «Туған күнім» деген кезінде ернін бір сылп еткізген. Содан кейін шай-ын құйып қана отырды.

Морж тамақтан шұқып жеді де, гитара-ны қолына алды.

— Тойып алған адам ән айтып қарық қылмайды. Сіздер іше беріңіздер, мен ыңылдап, кірісе берейін.

Дыңғыр-дыңғыр, дыңғыр-дыңғыр еткізіп, гитараның құлақ күйін келтіре ба-стады.

— Мынау, ағайын, баяғыда консервато-рияда оқып жүрген кезімде...

Морж сөзін үзіп жіберді де, құлақкүймен әуре болып кетті. Консерваториядағы хи-каяларын бұрыннан айтатын. Бірақ мас адамның сандырағы ғой деп онысына ешкім сенбеуші еді. Енді сау боп айтып отырған соң, бұрын естіп жүргендер де елең ете қалды. Қойшымен енді таны-сып жатқан шөпші жігіттерге, Гуляға тіпті ерекше әсер еткен сияқты. Шөпшілердің біреуі:

— Консерваторияда оқып па едіңіз? — деп қалды.

Морж күлімсіреп қойды.

— Сол консерваторияда оқып жүрген кезімізде ән тыңдайтын адам таба алмау-шы едік. Бәріміз әншіміз, бірімізден біріміз асып түсеміз. Негізі тыңдайтын халық болмаса, әнші жетім ғой.

Отырғандар «мынау өзіміздің Морж ба, басқа біреу ме» дегендей бір-біріне қарасты.

Морж гитараның құлақ күйін әр түрлі әуенге салып, арасында сөзін де жалғап отырды.

— Мына Шәмші ағамыз... Естайдың «Қорланын» айтады екен. Ең керемет жақсы көрген әні осы екен ғой. Іштей өзін Естаймен салыстыра ма екен... Кім білсін... Сол «Қорланнан» бастайын.

Отырғандар Естайдың кім екенін білмесе де:

— Е, бәрекелді, — десті.

Гитарасын ыңғайлап қойып, қозғалақтап алды да бастап кетті:

— Бір қыз бар Маралдыда...

Темекіге ысталған көмейінен ән төгіле кетті. Күтімі болмай, дауысы біраз тарғылданып кеткені бірден аңғарылды, бірақ табиғат берген таза тенор, қазақша айтқанда нағыз қоңыр дауыс екені де анық еді.

Отырғандар бір-біріне қарасты. Бәрі де ойда жоқта тап болған ғажалқа қалай баға берерін білмей қалғандай. Морж болса барған сайын гитараны бауыры-на тыға түсіп, қызара күшеніп, әнге жа-нын сала берді. Дауысы ә дегендегідей тарғыл емес, таза боп бара жатқандай. Ешкімге тіке қарамайды, есік жақтан бір нүкте тауып алып, сол маңайда Қорлан отырғандай телміреді.

Морж бұрын да шатып-пұтып та-лай ән айтқан. Дауысының бар екенін, сайқымазақтанып, неше түрлі әнді сан құбылтып айта алатынын да осы отырғандардың кейбірі білетін. Бірақ дәл бүгінгідей сау отырып шырқағанын ешкім көрмепті.

Ән біткен кезде әркім өзінше қолпаш көрсетті. Үнсіз қалған тағы да сол Гуля мен Наяхан болды. Бірақ Морж ол жаққа қараған да жоқ. Алдындағы шайын ұрттай салды да келесі әніне көшті.

— Түн жамылып келеміз, айсыз ашық аспан...

Бәріне таныс, жеңіл ән жадыратып жіберді. Біразы қосылып, «әп, шіркін» десіп, көтеріліп қалды. Ән біте бере Морждың алдына ыстық шай келді.

— Осыншама өнермен қалай қой бағып жүрсіз? Алматыға барып, әнші болу керек қой.

— Соны айтам, сұмдық өнер ғой мынау. Морж шайды сораптап ішті де:

— Мен сияқты тісі жоқ әнші кімге керек, — деп қойды. Онысы күні бойы ән сөздерін дұрыс айта алмай отырғаны үшін кешірім сұрағанындай еді.

— Әй, тіс деген не, баяғыда той болған сайын бір тіс түсуші еді ғой. Жылына бір рет салғызып тұратынбыз, — деді жылқышылардың бірі.



Қалғандары ду күлді.

– Ие, рас. Сондай да заман болды. Аппақ қып жылтыратып темір тісті салғызып алып жүрдік қой.

– Рас, рас.

– Моржеке-ау, жаңағы екі ән түк болмады ғой. Жіберіңіз тағы біраз?

Осыны айтты да, шөпші жігіт әрірек Зиядаға қарай еңкиіп:

– Бұл кісінің шын аты кім? – деп еді, Зияда әдетінше түкірін шашып:

–Оны сұрасаң бөлеге қаласың, – деп басын шайқады. Шөпші жігіт түсіне алмай қалды.

– Енді орысша айтайын ба, қырғызша айтайын ба? – деді Морж, – Немесе, француз, италиян, ағылшын?

– Ал керек болса.

– Біраз дүние жатыр екен ғой.

– Орысша мен қырғызша дұрыс шығар. Түсінетін.

– Ал онда қырғызша болсын.

Морж Гуля жаққа осы кезде барып бір қарап өтті. Күлімсіреп отыр екен. Ризашылығы байқалып қалды. Көзін тайдырып әкеткен еді.

– Онша жас болмасақ та, соншалық кәрі де емеспіз ғой енді. Жастық шақ туралы бір ән...

Гитараны шертіп, арасында ұрып қойып аз отырды да:

– Еки тал көрсөң қимай жүр,

Елинде журсем, сыйлай жур..., – деп, қырғызшаға ұқсатып, шырқап кетті. Қайырмасына келгенде гитараны дүрс-дүрс еткізіп ұра бастады:

– Жалында, жалында...

Қырғыздың жүрекке жететіндей-ақ риясыз әні еді, орындауы тіпті келісе кетті. Бір қарағанда көңілді ән секілді көрінгенмен, жасырын жатқан мұңы да бар, жанды ән.

– Оу! – десті ән біткенде барлығы бір ауыздан. Енді қолпаш айтудың, мақтаудың жөні жоқ екенін де әрқайсы түсінген. Бұлардың бағасын қажет етпейтіні белгілі боп қалды. Бірақ мақтанып отырған Морж жоқ, қайта тағы айтуға пейілді.

– Мына Жезқазған жақта, Ұлытаудан шыққан Батырлан деген жігіт бар. Өзі боксер, өзі композитор. Соның «Тамшылар» деген әнін орындап берейін. Сөзі соншалық мықты емес енді. Бірақ әні керемет.

Түндер бойы терезеңнің
Тырсылына үңілесің, тамшылар,
Тамшылар...
Әр дыбысқа елеңдеумен,
Жалғыз сен деп елегізеумен,
Тамшылар, тамшылар...
Тамшылар! Сағынады ешкімі жоқ
Алданар,

Түн пердесі. Үнсіз тырсыл сағымдар,
Мазасын көп алмаңдаршы,
Тамшылар!

Серік етіп сезімдерді,
Тауысып үміт төзімдерді, тамшылар,
Тамшылар...
Еш алаңсыз терезеңнің,
Жарығы өшті көрінбедің, тамшылар,
Тамшылар...
Тамшылар! Сағынады ешкімі жоқ
Алданар,

Түн пердесі. Үнсіз тырсыл сағымдар,
Мазасын көп алмаңдаршы,
Тамшылар!

Қараңғы түн құшағына
Жалғыз сіңіп барасың ба, тамшылар,
Тамшылар...

Тіл қатпады терезеңнен,
Ақ моншақтай тізілумен, тамшылар,
Тамшылар...
Тамшылар! Сағынады ешкімі жоқ
Алданар,

Түн пердесі. Үнсіз тырсыл сағымдар,
Мазасын көп алмаңдаршы,
Тамшылар!

Гитараны жуан саусағымен соңғы рет жеңіл сипап өтті де, жайына қалдырды. Бөлмеде тыныштық орнаған. Бәрі түнгі терезені бойлап, әлсіз сырғыған салқын тамшымен мұңдасқандай.

Гуляға қарап еді, қызарып кеткен көзін төмен салып отыр екен.

– Өнге әңгіме жоқ. Бірақ таңертең ерте тұру керек. Біз қайтайық, – деді жылқышының қартаңы. Кішісі де бетін сипап, орнынан тұра берді. Шөпшілердің де біреуі:

– Енді бір ән болса, содан соң біз де орнымызға барып жатсақ, – деді. Зияда мен Жасұланның да ұйықтайтын уақыты әлдеқашан өтіп кеткен, мең-зең боп отыр. Соңғы ән бәрін маужыратып жіберген екен.

Морж келесі әнін таныстырмастан бастап кетті:

– Постой, поровоз, не стучите, колеса,
Кондуктор, нажми на тормоза...

Шығып бара жатқандар қайта кіріп, әнді тыңдап отырып қалды. Бұдан соң Есениннің сөзіне жазылған «Анаға хат» пен Ғафу Қайырбековтың сөзіне жазылған «Ана туралы жыр» айтылды. Ешкім табылған жоқ. Ана жайындағы екінші ән аяқталғанда барып, ақырын ғана қоштасып, дабырласпай, бірінен кейін бірі шығып кетті. Ақыр аяғында ыдыс-аяқты жинап жүрген Наяхан мен Гуля, сонсоң Морж ғана қалды.

Гитараны шертіп, әлдебір мақамдарға салып, үнсіз отыр. Дастарханға еңкейгенінде Гуляға қарап қояды. Ол болса, қараған сайын жанарын жасырып бағады. Өлден уақыттан соң Гуля жинала бастады да, Морж келісіп қойған адам секілді орнынан тұрып, бірге шықты. Қожайынның үйіне қарай беттеді. Алда Гуля, екі-үш адым қалып Морж келеді. Екеуі де үнсіз. Неге еріп келесің деп Гуля сұрамады, Морж да жөнін айтқан жоқ. Сол жүріспен қарасы көрініп тұрған үйге екеуі лезде жетті. Гуля есікке кіріп бара жатқан кезде барып Морж сөйлеген:

– Тоқтаңызшы.

Гуля кілт тоқтады. Морждың дауысы қалтырап шықты:

– Шын атыңыз кім?

– Гуля.

– Ол шын ат емес қой.

– Сіздің шын атыңыз кім?

– Мен айтсам, сіз де айтасыз ба?

Гуля басын көтеріп қарап еді, алдында қойшы емес, еңсесі тік, жуан денелі, кең иықты жігіт ағасы тұрды. Қолын қоршауға тіреп, сол аяғын оң жаққа қарай тастап, ұшын жерге тіреп тұр, құтты бір опера айтатын әнші секілді.

– Бұдан кейін екеуіміз ешқашан сөйлеспей-ақ қояйық. Мектепті жаңа бітірген жас бала емеспіз ғой. Ақылымыз бар. Отпен ойнаудың қажеті жоқ.

– Мен сізді ренжітіп алдым ба?

– Жоқ. Қысқасы, мазаламаңыз. Осы сөзім – сөз.

– Сөзіңіз-сөз екен деп қоя салам ба?

– Өзіңіз үшін қоясыз ғой.

– Үстімде жаман киім, ауызымда тіс жоқ болса, ештеңеден дәмеленбеуім керек пе?

– Осыған дейін де аз қиындық көрген жоқпын. Осылай тұрғанымызды Күресбек көрсе, сіз түгілі мені өлтіреді. Оның қандай адам екенін білмейсіз ғой.

– Мен түсінбеймін. Мына жерге не үшін келдіңіз? Жаман Күресбек үшін бе?

Морждың Күресбекті менсінбей сөйлегеніне Гуля күліп жіберді.

– Сіз өзіңіз неғып жүрсіз ал? Консерваторияда оқыған екенсіз, анандай өнеріңіз бар...

– Мынандай түрің бар деп қой.

Гуля мырс ете қалды.

– Иә. Күтінсеңіз, тіпті киноға түсуге болатын секілді.

– Бірақ енді сіздің күйеуіңіз сияқты ұзын емеспіз.

Тыныштық орнады. Алыстан пойыздың дауысы естілді.

– Сіз қайтыңыз енді. Біреу-міреу көріп қояды.

– Дұрыс айтасың, тұра беруге болмайды. Ішке кірейін.

– Мен соншалықты қадірсіз емес шығармын?

Гуля осы сөзді айтып, тіке қараған кезде Морж қалшиып қатты да қалды.

– Болды. Барыңыз.

Есік жабылғаннан кейін қоршауға сүйеніп аз тұрды да, темекісін бұрқ еткізіп, өзі жататын үйге қарай қайтты. Қараңғы түнде қып-қызыл бір шоқ баяу қозғалып бара жатты.

3

Жер тоза бастаған шақ еді. Таңертең күн бұлттанып тұрған соң, ескі сары шинелді кие шыққан. Енді соны астына төсеп, жайланып, қойын ауылға айдап келеді. Бұйра шашын әдемілеп артқа қайырып, ақ қалпақ киген. Күн соншалықты жабырқаңқы болса да, көңілі көтеріңкі. Әдетінше әндетіп келеді. Сапсау.

Қырдан асып түскенде бірден көзіне шалынғаны Күресбектің қара «Хамер» көлігі болды. Гуляның үйінің жанында тұр. Алдыңғыкүні баласы келгенде Морж шаурасын айтқан. Әрине, шешімді Күресбек қабылдайды, баласы да соны меңзеген. Ендеше қазір қатынының қойнынан шықса, жауабын да беріп қалар...

Морж жаңа ғана тұтатқан темекісін лақтыра салды да, жың ұрған адамша қойды дүркіретіп айдай жөнелді. Төлдері өсіп, суалып кеткен қойлар ауылға онша асықпайды. Бірақ жаңа ғана жайбарақат келе жатқан қойшы құрығын сумаңдатып, қояр емес.

Шаңды бұрқыратып, қой ауылға кірді. Әдеттегідей қораның артымен емес, Гуляның үй жақ тұсынан келіп, қораның тура алдына тоқтады. Ит үріп, Наяхан ұрсып, айқай-шу болып кеткен. Бірақ Күресбек шыға қоймады.

– Затсыз неме, сенің махаббатың-ақ бәле болды ғой осы, – деді Наяхан, – Әйдә, кет әрі!

Морж қойды қамады да, шала-пұла жуынып, дастарханға жайғасты. Күн қысқарып бара жатқандықтан, кешкі кезекке шығаруды қойып, оның орнына өрістен кеш әкеліп жүрген.

Күресбек үйінен қараңғы түскенде барып бір-ақ шықты. Морж шалқасынан түсіп, ұйқыдағы адам құсап, қозғалыссыз жатқан. Дәлізден Зияданың «бастық келе жатыр» деген дауысы естілді. Морж сырт киімін жүре киіп, есікке беттеді.

Шықса, Күресбек жұмысшыларды жинап, есік алдында тұр екен. Көңілді.

– Қалай жағдайларың? Жақсы ма?

Бәрі бастарын шұлғып, ризалықтарын білдіріп жатыр.

– Келесі жетіде мына жерге екі бөшке әкелетін болды. Матормен су толтырып отырасыңдар. Қолмен қайта-қайта тасып, өуре болмайсыңдар. Жақсы ғой. О, Морж, жағдайың қалай, ей?

Морж басын изеп барып, қолын созды. Күресбек қол алысқандағы әдетінше күлімсіреп, көзге тіке қарады:

– Сені өзі көрмегелі көп болып еді, аппақ болып кетіпсің ғой?! Ө?!

Морж тағы да үндеместен басын изеді.

– Мен қазір кетіп барамын. Егіннен қол тимей жүр ғой қазір. Бұйыртса, қыс бойы жатам осында. Прадүктілеріңді ертең әкеледі. Басқа не айтасыңдар?

Ешкім үндей қоймады.

– Мен кеше бір шаруа айтып едім, сол не болды екен? – деді Морж. Дауысы сенімсіз шықты.

– Не шаруа еді?

– Былай қарай шығып айтайын.

Күресбек:

– Жарайды, – деді де, жиналып тұрғандарға: – Онда жұмыстарыңа бара беріңдер сендер. Иә, жақсы, – деп, тартып жіберді.

– Не болды?

– Мен қалаға барып қайтсам ба деп едім. Кеше ұлыңызға айтып ем...

– Жай ма?

– Енді келгелі айлық алған жоқпын ғой. Сол ақшама керек нәрселерімді алсам.

– Не керек екенін айтсаң, әкеп береді ғой.

– Жоқ, туыстарым бар, жолдас жігіттерім бар... Көптен хабарласқан жоқпын. Тіс салғызайын деп едім.

Күресбек түнеріп кетті. Моржға тесіле қарады.

– Өкеңнің ауызын... Жүрші былай қарай.

Қораның артына қарай өзі бастап жүре берді. Морж амалсыз артынан ерген. Қой қамайтын қорадан әрі асқан соң, кері бұрылып тұра қалды. Екеуі бетпе-бет келгенде Күресбектің бойы қарыс ұзын екені анық байқалды. Бірақ Морж жуандау.

– Сорыңды с.. неме! Саған не жоқ?

Күресбектің көзі қанталап тұр екен. Морж қалшиып қалған, жансыз ескерткіш секілді. Осыншама уақыт көріп жүріп байқамапты – Күресбектің маңдайында, оң жақ шекесіне таман соққыдан қалған, кәдімгідей үлкен із бар екен. Маңдайдың жоғары жағынан самайына қарай қисая тартқан. Көзі соған түсті...

Құлақ шекеден шарт еткізді. Жасы алпысқа таяса да, жұдырығы қатты екен. Морж тәлтіректемесе де, бір-екі қадам шегініп кетті. Енді ұрғызбас үшін, қолын көтеріп, қалқалап алды. Бірақ Күресбек бұл ойлағандай ұра қоймады. Тебендей ұзын саусақтарын әкеп, жағасына салды. Морж қарсыласып, жағаласқан жоқ, тек Күресбектің қолына жармасқан. Бірақ қайратты неме шамаға қаратпады. Екі рет жұлқып, іштен киген көйлекті дар еткізді де, шиіріп әкеп, қабырғаға бір-ақ жапсырды. Жыртылған жағамен қосып, алқымды сығымдай бастады. Морж қыр-қыр етіп, жанталасып босануға тырысты. Бірақ уақыт өткен сайын әлі кетіп бара жатты. Енді есінен тана берген кезде Күресбек жібере салды. Тізесі ұстамай, сылқ етіп жерге отыра кетті де, қолын тіреуге шамасы келмей, етпетінен құлады. Күресбек үстінен төніп келді де, шалқасынан аударды. Ауызынан аққан сілекейге топырақ жабысыпты. Көзін ашып-жұмып, есін жия алмай жатыр. Шапалақпен тартып-тартып жіберді де:

– Ей, бейшара! Керек болса, сені өлтіре салам. Ешкім білмей қалады. Кімге керексің сен?

Морж көзін ашып, Күресбекке қарады.

– Жақсылап тыңдап ал. Ешқайда да кетпейсің. Менен сені ешкім құтқара алмайды. Түсіндің бе? Түсіндің бе деймін, е?

Көзін жұмып алды.

– Егінге барып келейін, содан кейін сөйлесеміз.

Жағасын жібере салғанда Морждың басы сылқ ете қалды. Күресбек орнынан тұрды да, жөніне кетті. Біраздан соң машинасы оталды да, гүрілдеп алыстай берді. Морж түрегеп отырды. Көзін ашқанда көргені – мойнынан төмен қарай салбырап тұрған былғары тұмары болды. Көзінен жас парлап, топырақ-топырақ болған бетін жуа бастады. Бірақ дыбысын шығарған жоқ. Наяханның айқайлап шақырған дауысы естілді. Болған жағдайды ешкім сезбей қалған секілді. Морж қозғалмастан отыра берді.

Сол отырғаннан қараңғы қоюланғанға дейін отырды да, орнынан тұрды. Үйге келсе, бәрі жатып қалған екен. Басына жастанып жататын ертоқымын алды да, төңкеріп, астынан қыстырылған шүберекті алып шықты. Терезенің тұсына апарып шешті де, ішіндегі ақшаны қалтасына салып алды. Қалыңырақ киініп, сыртқа шығып кетті.

Ызғарлы жел соғып тұр екен. Ара-тұра пойыздың ышқынған дауысы естіліп тұратын жаққа қарай жүре берді.

Пойыздың жолы әудем жерде еді, бірақ Морж тез жетті. Түнерген аспанның асты тарылып кеткендей, демін еңтігіп-еңтігіп, жиі алады. Жағы ісіп кеткен.

Күзгі жауын салқын тамшыларын бүрке бастады.

Мына қырдың әр жағы темір жол деген кезде пойыздың дауысы естілді. Морж қырды асып түспек болып жүгіре жөнелді. Енді аз жүгірсе, пойыз көрінбек. Кенет шың еткен дыбыс па, жарқ еткен жарық па... Морж шалқасынан түсті.

(Бірінші бөлімнің соңы)




Лето без купаний в море, реке или озере, без пляжного волейбола, шашлыка и рыбалки, можно сказать, пролетело впустую. Вода не страшна тем, кто умеет хорошо плавать, кто соблюдает осторожность и правила поведения на воде. Как не парадоксально, но хорошие пловцы тонут чаще именно потому, что чувствуют себя в воде уверенно и не всегда могут рассчитать свои силы. Теплые деньки так и манят провести выходные у воды. Но для безопасного купания подойдет далеко не каждый водоем. Так, если на пляже есть табличка «купаться запрещено», игнорировать ее категорически нельзя. Нарушение этого запрета может обернуться весьма плачевными последствиями. Анализ причин гибели людей

За последние три года утонули 1 375 человек, из них 401 несовершеннолетний. Анализ показал, что 80% из них имели место в сельской местности. Основная причина гибели детей – недостаточная разъяснительная работа о соблюдении правил безопасности в воде, отсутствие присмотра за детьми, строительство каналов, септиков и водохранилищ без обеспечения должной безопасности. Все мы помним, что в Алматинской области трое детей из одной семьи по неосторожности упали в поливной арык, расположенный в 300 метрах от дома. К сожалению, нередко такие случаи оставления детей без присмотра. Призываю всех вас к разумной осторожности на отдыхе. Природа – это не игрушка, а стихия.

КУПАНИЕ ПО ПРАВИЛАМ...

ЛЕТОМ В ЖАРКИЕ ДНИ ВЫТАЩИТЬ ДЕТВОРУ ИЗ ВОДЫ ПРАКТИЧЕСКИ НЕВОЗМОЖНО: РЕБЯТА С УТРА ДО ВЕЧЕРА ГОТОВЫ ИГРАТЬ НА БЕРЕГАХ РЕК, КУПАТЬСЯ В ОЗЕРАХ, ПЛАВАТЬ В ПРУДАХ И КАРЬЕРАХ. ПЛЕСКАЯСЬ, ДЕТИ ЗАБЫВАЮТ, КАКУЮ ОПАСНОСТЬ МОЖЕТ ТАИТЬ В СЕБЕ ВОДОЕМ.

АЗБУКА БЕЗОПАСНОСТИ ПРАВИЛА ПОВЕДЕНИЯ НА ВОДЕ



на водоемах показывает, что почти половина утонувших составляют граждане, допустившие нарушение правил, треть – были в нетрезвом состоянии, а оставшаяся часть – дети, оставленные без присмотра взрослых. В Казахстане есть 690 пляжей и 115 детских лагерей, расположенных вблизи водохранилищ.

Как сообщает пресс-служба ДЧС Алматинской области на территории Алматинской области постановлением акимата области определено 11 разрешенных общественных мест для купания на водоемах, семь из которых находятся на Капшагайском водохранилище. Другие четыре находятся в г.Талдыкорган, в г.Текели,



в Алакольском и Сарканском районах.

Места для массового отдыха, туризма и спорта на Капшагайском водохранилище Алматинской области, на которых разрешено купаться в 2019 году:

1. Городской пляж №1, участок №87.
2. Городской пляж №2, участок №103.
3. Городской пляж №3, участок №106.
4. Городской пляж №4, участок №111.
5. Городской пляж №5, участок №136.
6. Городской пляж №6, участок №141.
7. Городской пляж №7, участок №143.

Необорудованные пляжи считаются небезопасными и купание в них запрещено.

Места для массового отдыха, туризма и спорта на водных объектах Алматинской области, на которых разрешено купаться в 2019 году:

На территории Алматинской области постановлением акимата области определено 11 разрешенных общественных мест для купания на водоемах:

- городской пляж на реке Каратал в г.Талдыкорган;
- пляжи набережной озера Алаколь в Алакольском районе (с. Акши);
- пляжи набережной озера Балхаш в Сарканском районе (с.Лепсы);
- открытый плавательный бассейн в г.Текели;

- семь пляжей на юго-западном побережье Капшагайского водохранилища. Все остальные необорудованные водоемы области считаются небезопасными и купание в них запрещено.

Департамент по чрезвычайным ситуациям призывает всех отдыхающих соблюдать элементарные правила безопасности на воде, чтобы обезопасить себя от несчастных случаев:

- купайтесь только на оборудованных пляжах и в других отведенных для купания местах, где есть официальное разрешение и спасательная служба;
- не купайтесь в ночное время и в нетрезвом состоянии;
- не прыгайте в воду с лодок, катеров и других плавсредств;
- не ныряйте с мостиков, дамб, причалов;
- не оставляйте детей без присмотра взрослых;
- не умея плавать, не заходите в воду выше пояса;
- не заплывайте далеко от берега, а также за знаки ограждения (буи);
- не купайтесь во время объявлений штормовых сообщений об усилении ветра, волн, сильных дождей и т.д.

Применяя эти простые рекомендации, Вы уберете себя и своих близких от чрезвычайных ситуаций на водоемах!

А. МУРАТКЫЗЫ.

СОВРЕМЕННЫЙ УЧИТЕЛЬ: ОБРАЗОВАНИЕ ЧЕРЕЗ ВСЮ ЖИЗНЬ

Весь мир сегодня стремится получить высококачественное образование. Конкурентность экономики любой страны зависит, прежде всего, от уровня развития ее человеческих ресурсов, что напрямую связано с системой образования, ведь именно образование создает «человеческий капитал». Ныне перед учителями стоит задача помочь ученикам развивать самостоятельность, самобытность, чтобы в дальнейшем он мог стать конкурентноспособным человеком.

С 17-28 июня 2019 года мы являлись слушателями курса повышения квалификации педагогических кадров по образовательной программе по предметам «Всемирная история» и «Основы права». Каждый учитель на своем профессиональном пути, поднимаясь по лестнице новых знаний, с интересом изучает и знакомится с новшествами, вводимыми в систему образования. Под руководством опытного тренера филиала Центра педагогического мастерства Черенковой Людмилы Валерьевны мы проводили обсуждение основных направлений по обновлению содержания образования, обменивались опытом и рекомендациями, развили рефлексивные навыки, научились планировать уроки с учетом исследовательского обучения, приобрели опыт составления краткосрочного планирования урока.

За небольшой период обучения мы расширили знания о новых методах и приемах формативного оценивания, что дает нам уверенность в дальнейшем преподавании. Конечно, не все давалось легко, среди слушателей курса были и учителя, которые «столкнулись» впервые с обновленной программой обучения и недопонимали ее сути, но к окончанию курсов смогли «покорить» вершины знаний, ведь современному педагогу все время

приходится учиться самому, чтобы быть в ногу со временем. Под руководством нашего замечательного тренера мы проделали огромную работу в парах, группах, индивидуально, испробовали много методов работы, познали значимость роли критериального оценивания в обновленной системе образования, узнали о новых методах дифференциации и путях применения ее на уроках.

Слушатели курса отметили, что работа, проводимая коллективом филиала Центра педагогического мастерства во главе с директором Оспановым Б.С., очень полезна и необходима для работников образования. Хотелось бы высказать пожелания о проведении курсов повышения квалификации данным филиалом как можно чаще, ведь по словам учителей еще большое количество коллег желали бы стать слушателями данных курсов, особенно это касается групп с русским языком обучения.

От имени слушателей нашей группы выражаем огромную благодарность руководителю данного филиала и лично нашему тренеру за их неутомимый труд и добросовестное отношение к своему делу. Благодаря вам мы получили огромный багаж знаний, познакомились с интересными людьми, преданными своему делу. Искренне желаем вам творческих успехов в вашем нелегком труде!

Чтобы идти «в ногу со временем», учитель действительно обучается всю жизнь. Ведь как говорил великий Сократ: «Нет предела совершенству». И этот принцип является жизненным кредом каждого из нас, учителей истории!

С.М. БЕРТАЕВА,
учитель сш №11,
С.М. МАЙКЕБАЕВА,
учитель сш №21.

KAZPOST

ДЛЯ ВАШЕЙ ИНФОРМАЦИИ

Хотим сообщить вам, что мы решили наряду с повышением качества оказываемых услуг, оптимизировать ряд наших сервисов и снизить затраты на их предоставление. Поэтому с 1 июля 2019 года мы вводим альтернативные номера дозвона в наш Контакт-центр с мобильного телефона, с оплатой согласно вашему тарифному плану: Kcell +7 702 008 1499 Tele2 +7 707 255 1499 Altel +7 700 353 1499 Beeline +7 705 927 1499 Звонки с городских номеров на 1499 бесплатны! Также для вашего удобства мы добавили возможность бесплатных звонков с городских телефонов на единый номер 58-14-99 в Нур-Султане, Усть-Каменогорске, Талдыкоргане, Таразе, Шымкенте, Кызылорде, Актау, Атырау, Уральске, Актобе, Костанаете, Петропавловске, Кокшетау, Павлодаре, Караганде и Семее. Алматинцы смогут бесплатно звонить на номер: 258-14-99. Вместе с тем сообщаем, что с 1 июля 2019 года звонки на короткий номер 1499 станут платными для звонков с мобильных телефонов, стоимость которого составит 18 тг/мин. Приносим свои извинения за доставленные неудобства и надеемся на ваше понимание. Совсем скоро мы запустим новый чат-бот для клиентов Казпочты, о начале его работы мы сообщим дополнительно.

ТЕПЕРЬ ОПЛАТИТЬ ШТРАФ НА EGOV.KZ МОЖНО С МОБИЛЬНОГО БАЛАНСА

27.06.2019 г. АО «Национальные информационные технологии» совместно с АО «Казпочта» запустили на сайте «электронного правительства» сервис оплаты штрафов, пошлин и других платежей с баланса мобильного телефона.

Имея достаточно денежных средств на балансе, абоненты мобильных операторов KCell и Билайн могут произвести платеж без банковской карты, выбрав способ «Оплата с помощью баланса мобильного телефона». При вводе своих данных и номера мобильного телефона, абонент получит одноразовый SMS-пароль, при подтверждении которого будет произведена онлайн-оплата штрафа, пошлин или других платежей. Чек об оплате сохранится в «Личном кабинете» на портале.

Напомним, помимо этого способа оплаты можно произвести при помощи платежной карты или с электронного кошелька.

Бейсенбі - Четверг, 11 шілде

 ҚАЗАҚСТАН	 КТК
06.05, 14.00 «Көңіл толқыны» 06.20 «Қазақ даласының құпиялары» 06.50 «24 сағат табиғат құшағында» 07.25, 17.00, 20.00, 00.25, 04.25 AQPAPAT 08.00 «TANSHOLPAN» 10.00, 02.45 «Qyzuq eken...» 10.50, 18.10 Т/х «Қайран күндер» 12.35 «Серпін» 13.00 Т/х «Парыз» 15.00, 21.40 Т /х «Гүлпері» 16.00, 01.05 «SHANYRAQ» 17.15 Т/х «Бізбен бірге» 20.40 Т/х«Отынды өшірме» 22.40 Т/х «Бізбен бірге» 23.30 Т/х «Құбылай хан» 01.55 «Серпін» 02.20 «JAN JYLYY» 03.35 «Қарекет»	07.05 Кешкі жаңалықтар 07.30 Т/х «Қайсар жесір» 08.20, 01.40 Т/х «Женнеттің көз жасы» 09.50 Новости 10.20, 21.30 Т/с «Лесник» 12.40, 23.40 Т/с «Сильнее судьбы» 14.30 Х/ф «Балерина» 16.30,01.10 Т/х «Аталар сөзі» 17.00 Мерекелік концерт 18.00 Т/с «Сүйікті Дениз-2» 19.30 Кешкі жаңалықтар 20.00 Астарлы ақиқат 21.00 Вечерные новости 03.00 «Әйел қырық шырақты» 03.40-04.30 КТК қоржынынан
 ЖЕТІСУ	 ЖЕТІСУ
07. 05 Ән әлемі. 07.30«Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама 09.00 Жаңалықтар 09.30 Новости 10.00 Арнайы репортаж 10.30 Ұлт пен рух 11.00 Телесериал «Елес қыз» 11.40 Монолог Р.Жақсылықов 12.00 Шашу 12.50 Net.laik 13.00 Құтты қонақ 13.45 Өмірі өнеге 14.10 Концерт «Өндер мен жылдар» 16.15 Д/ф «Археология жұмбақтары» 16.45 Д/ф «Ә.Сәтбаев» 17.00 Жаңалықтар 17.20 Новости 17.35 Монолог Ж.Әшімбаев 18.00 Шашу 19.00 Тұжырым 19.30 Фибратты қазына 20.30 Жаңалықтар 21.00 Тастүлек 21.30 Новости 22.00 Телесериал «Елес қыз» 22.35 Өмірі өнеге К.Айтжанова 23.00 Жаңалықтар 23.30 Новости	
 ХАБАР	

06.00 «Тамаша»
07.00, 10.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғыхабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.20 «Тур де Хабар»
10.50 «Спасатели»
11.25, 19.30 Т/х «Бәсеке»
12.10 «Білу маңызды»
12.30 «Өмір жолы»
13.10 Т/с «Атлантида»
15.00 «Давайте говорить»
16.00, 21.30 Т/с «На крыльях любви»
16.45 Т/х «Тергеушілер»
17.15 «Қарақатпен шай»
18.00, 23.15 Т/х «Жұмбақ жандар»
18.45 Т/х «Тракторшының махаббаты»
20.00, 00.30 Қорытындыжаңалықтар
20.30 Д/ф «Журналистік зерттеу»
20.50 Открытый диалог
21.00 Итоги дня
22.15 Т/х «Өз үйім»
00.00 «Менің тағдырым»
01.00 Т/с «Вишневый сезон»

 АСТАНА

06.00, 03.30 «Ән мен әзіл»
07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулары
07.10 Разминка с Аружан
07.20 «Қош келдініз!»
08.00,13.30 Мультфильм
09.50 «Доктор рекомендует»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.30 Т/с «След»
14.50 «Ел аузында»
15.30, 21.00 Т/х «Үмітінді үзбе»
16.30 Т/х «Қорғансыз»
17.30 «Ruh.kz»
18.00, 00.30 Т/с «Кешіккен хат»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 «Новости 20.30»
23.30 Т/х «Бір туған»

 ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
06.40, 04.15 «Той заказ»
07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 Т/х «Круговорот»
12.00 «Қалаулым»
15.00 Т/с «Ангел-хранитель»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 03.15 «Бір сұрақ»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Гончие»
22.00, 02.30 «П@УТИНА»
00.30 Кино «Я вернусь»

Жексенбі - Воскресенье, 14 шілде

 ҚАЗАҚСТАН	09.00 м/с «Юху и его друзья» 09.30 Х/ф«Сказка о том, кто ходил страху учиться» 10.30 «Сделано из вторсырья» 11.00»Тарих. Тағдыр. Тұлға» 11.50 «ҚызықТаймс» 12.50 «Қарақатпен шай» 13.40 «Миллион кімге бұйырады?» 14.30 Мегакит «Авиатор» 17.30 «Өгей жүрек» 19.15 «Кел шықайық» 21.00 Дайджест новости 21.15 Мегакит «На грани» 23.00 Сериал «Вишневый сезон» 00.45 «Әсем әуен»
---	---

ХАБАР

06.00 «Ұят болмасын»
06.45 «Терме деген өсиет» концерт
08.45 «Самопознание»

Жұма - Пятница, 12 шілде

 ҚАЗАҚСТАН	 КТК
06.00,05.10 Әнұран 06.05,14.00 Көңіл толқыны 06.20 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары» 06.50 «24 сағат табиғат құшағында» 07.25,17.00,20.00,01.35,03.45 AQPAPAT 08.00 «TANSHOLPAN» бағдарлама 10.00,03.00 «Қызық екен» 10.50, 18.10 Т/х. «Қайран күндер» 12.35 Д/ф. «Ұлы дала ұлағаты» 13.00 Т/х. «Парыз» 15.00, 21.40 Т/Х «Гүлпері» 16.00,02.10 «Шипагер» 17.15,22.40 Т/х. «Бізбен бірге» 20.40 Т/х. «Отынды өшірме» 23.30 «Qairly kesh Qazaqstan» 00.55, 04.25 «Parasat maidany»	07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ 07.05 Кешкі жаңалықтар 07.30 «Қайсар жесір» Т/х 08.20,01.35 Т/х. «Женнеттің көз жасы» 09.50 Новости 10.20 Х/ф. «Лесник» 12.40 Х/ф. «Сильнее судьбы» 14.30 Х/ф «Балерина» 16.30,01.00 Т/х. «Аталар сөзі» 17.15 Мерекелік концерт 18.00 Т/х. «Сүйікті Дениз-2» 19.30 Кешкі жаңалықтар 20.00,03.00 «Әйел қырық шырақты-2» 21.00 Вечерние новости 21.30 Х/ф. «Один на всех» 03.40, 04.30 «КТК қоржынынан»
 ХАБАР	 ЖЕТІСУ
06.00,02.00 ҚР Әнұраны 06.00 Тамаша 07.00, 10.00 М/с. «Тобот» 07.30,08.10,09.10 «Таңғы хабар» 08.00, 12.00 Жаңалықтар 09.00, 13.00 Новости 10.20 Тур де Хабар 10.50 Мечты сбываются 11.25,19.30 Т/х. «Бәсеке» 12.10 «Тайны.Судьбы.Имена» 13.10 Сериал «Атлантида» 15.00 «Кім мықты?» 16.00 Сериал «На крыльях любви» 16.45 Т/х. «Тергеушілер» 17.30 Религия. Сегодня 18.00 «Ережесіз әңгіме» 18.45 Т/х. «Тракторшының махаббаты» 20.00,00.30 Қорытынды жаңалықтар 20.30 «Бетпе-бет» 21.00 Итоги дня 21.30 Фестиваль КВН «Кубок Евразии 2018» 23.30 Khabar boxing 01.00 Сериал «Вишневый сезон» 01.50 «Әсем әуен»	07.05 Ән әлемі 07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама 09.00 Жаңалықтар 09.30 Новости 10.00 Мультфильм 10.10 Тастүлек 10.30 Тұжырым 11.00 Телесериал «Елес қыз» 11.35 Цикл «Все, что можно сделать из бумаги» 12.00 Шашу 13.00 К/ф «Ақырғы аманат» 14.25 Цикл «Правила жизни». 15.15 Концерт «Әсетпен сырласу» 17.00 Жаңалықтар 17.20 Новости 17.35 Монолог М.Жүнісова 18.00 Шашу 19.00 Өмірі өнеге Е.Рахмдиев 19.30 Болмыс 20.15 Экономика 20.30 Жаңалықтар 21.00 Ел мен жер 21.30 Новости 22.00 Телесериал «Елес қыз» 22.35 Д/ф «Ақбас тырна» 23.00 Жаңалықтар 23.30 Новости

 АСТАНА

06.00, 03.30 «Ән мен әзіл» концерт
07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулары
07.10 Разминка с Аружан
07.20,14.50 «KazNet» ғаламторға шолу
08.00,13.30 Мультфильм
09.50 «Доктор рекомендует»
10.00, 22.00 «Абысындар» т/х
11.30 Сериал «След»
15.30,21.00 Т/х. «Үмітінді үзбе»
16.30 Т/х. «Қорғансыз»
17.30 «Ruh.kz»
18.00,00.30 Т/х «Кешіккен хат»
20.00,02.30 Жаңалықтар
20.30,03.00 «Новости 20:30»
23.30 Т/х. «Бір туған»
01.00 Т/х. «Қара нан»

 АСТАНА

06.00, 03.30 «Ән мен әзіл» концерт
07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулары
07.10 Разминка с Аружан
07.20,14.50 «KazNet» ғаламторға шолу
08.00,13.30 Мультфильм
09.50 «Доктор рекомендует»
10.00, 22.00 «Абысындар» т/х
11.30 Сериал «След»
15.30,21.00 Т/х. «Үмітінді үзбе»
16.30 Т/х. «Қорғансыз»
17.30 «Ruh.kz»
18.00,00.30 Т/х «Кешіккен хат»
20.00,02.30 Жаңалықтар
20.30,03.00 «Новости 20:30»
23.30 Т/х. «Бір туған»
01.00 Т/х. «Қара нан»

 ЕВРАЗИЯ

06.00,03.45 Той базар
06.45, 18.00 Басты жаңалықтар
07.45 Жұма уағызы
08.00 Доброе утро
11.00 Сериал «Круговорот»
12.00 Қалаулым
15.00 Х/ф. «Как вернуть мужа за 30 дней»
16.50 «Жди меня» Казахстан»
18.45, 02.45 «Заң сөйлесін»
20.00 Главные новости
20.45 Поле чудес
21.50,00.00 Сериал «Коварные игры»
23.00,02.00 Паутина

09.45,11.45 «Тенгемания Нехст» 10.00,22.00 «Абысындар» 11.00 «КазНет» 12.45 Х/ф «Махни крылом» 14.15 Қ. Нұртас. Концерт 16.45 «Тәуіп» кі ф 18.35 «Бірегей» д/ф 19.05 Х/ф «04:29» 23.00 Х/ф «Четверо против банка»

 ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х«Вне времени»
07.45,02.35 «Тамаша сити»
08.35,13.30 «Ұшқалақ»
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 Сериал «Невалашка»
12.50,03.20 «Контент»
13.55 «Лучше всех»
15.30 Кино«Эмоджи фильм»
17.05 Сериал «Ошибка молодости»
20.55,02.05,03.50 «Паутина»
21.30 «Ана жүрегі»Т/х
23.10 Х/ф «72 метра»

Сенбі - Суббота, 13 шілде

 ҚАЗАҚСТАН	 КТК
06.00,04.55 Әнұран 06.05 AQPAPAT 06.40 Қызық екен 07.30 Т/х. «Айналайын» 08.50 «Сәлем Қазақстан» 09.30 М/с. «Роботкөлік Поли» 20.00 Т/х. «Ағайынды» 16.20 «Ана қадірі» Еркін Нұржановтың концерті 18.10 Т/х. «Қайран күндер» 20.00.04. 15 «MASELE» 20.40 Комедия «Бақыттың кілті әйелде» 22.15 «Jaidarman» Түркітілдес мемлекет жастарының арасында халықаралық әзіл фестивалі 00.10 Кино «Суыр күні» 02.10 Dara jol 02.55 Parasat maidany 03.30 Minber	07.00 ҚР Әнұраны 07.05,02.00 Т/х «Үлкен үй-3» 08.50 «Біздің концерт» 09.50 «Юрмала» 11.00 Х/ф «Один на всех» 15.00 Х/ф «Балерина» 17.00,03.30 Көркем фильм «Перзент» 18.30 «Уақыт» Тоқтар мен Бейбіттің өн шашуы 21.00 Х/ф. «Снова один на всех» 00.40 «Спасите нашу семью» 22.00 Х/ф. «Радуга в поднебесье» 04.40-05.40 «Біздің концерт»
 ЖЕТІСУ	 ЖЕТІСУ
06.00,02.00 ҚР Әнұраны 06.00 Ұят болмасын 06.45 Концерт «Табиғатым - махаббатым» 08.45 Өзін өзі тану 09.00 «Я – чемпион» 09.30 М/с. «Юху и его друзья» 10.00 Х/ф. «Дьявол с тремя золотыми волосками» 11.00 «Тайны. Судьбы. Имена» 11.45 Д/ф. «Бір туынды тарихы» 12.15 Т/х. «Сені іздедім» 13.00 Концерт «Терме деген өсиет» 15.15 Фестиваль КВН «Кубок Евразии 2018» 17.15 Т/х. «Бәсеке» 19.15 «Қызық таймс» 20.15 «Миллион кімге бұйырады?» 21.00 Дайджест жаңалықтар 21.15 Мегакит. «Авиатор» 00.00 Сериал «Вишневый сезон» 01.20 «Әсем әуен»	07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама 09.00 Жаңалықтар 09.30 Новости 10.00 Мультфильм 10.10 Экономика 10.30 Ел мен жер 11.00 Телесериал «Елес қыз» 11.35 Мультфильм 11.45 Монолог Н.Бектемірова 12.00 Шашу 12.50 Net.laik 13.00 Болмыс 13.50 К/ф «Аманат» 16.05 Цикл «Правила жизни». 17.00 Жаңалықтар 17.20 Новости 17.35 Мультфильм 18.50 Бай қуатты болайық 19.20 Құтқару қызметі 19.40 Д/ф «Ә.Марғұлан» 20.00 Ауылдағы ағайын 20.30 Жаңалықтар 21.00 Бағбан 21.30 Новости 21.55 Концерт «Күреңбел» 23.00 Жаңалықтар 23.25 Новости 23.50 Ән әлемі
 ХАБАР	

06.00,02.00 ҚР Әнұраны
06.00 Ұят болмасын
06.45 Концерт «Табиғатым - махаббатым»
08.45 Өзін өзі тану
09.00 «Я – чемпион»
09.30 М/с. «Юху и его друзья»
10.00 Х/ф. «Дьявол с тремя золотыми волосками»
11.00 «Тайны. Судьбы. Имена»
11.45 Д/ф. «Бір туынды тарихы»
12.15 Т/х. «Сені іздедім»
13.00 Концерт «Терме деген өсиет»
15.15 Фестиваль КВН «Кубок Евразии 2018»
17.15 Т/х. «Бәсеке»
19.15 «Қызық таймс»
20.15 «Миллион кімге бұйырады?»
21.00 Дайджест жаңалықтар
21.15 Мегакит. «Авиатор»
00.00 Сериал «Вишневый сезон»
01.20 «Әсем әуен»

 АСТАНА

06.00, 02.10 «Күлдірген» әзіл-сықақ
07.00, 21.00 Т/х. «Үмітінді үзбе»
08.00 М/ф.
09.30,11.30 Money Time
09.45,11.45 ТенгеманияNext
10.00,22.00 Т/х. «Абысындар»
12.00,01.40 KazNet ғаламторға шолу
12.25 Х/ф. «Суперкоманда»
13.50 Айқын Төлепбергеннің концерті
15.50 Көркем фильм «Биші қыз»
17.50 Х/ф. «Загадай желание»
20.00 Ел аузында
23.00 Х/ф. «Охота за призраком»

 ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Вне времени»
06.50,03.45 Тамаша сити
07.45 Басты жаңалықтар
08.30,13.45 Ұшқалақ
08.45 Сериал «Сезон любви»
12.45 «Фабрика грез»
13.05,22.00,02.00 Паутина+
14.35 Премьера. «Три аккорда»
16.40 Х/ф. «Кузнец моего счастья»
18.35,02.45 Кешкі кездесу
20.00 «Главные новости»
20.30, 23.00 Сериал «Где живет надежда»
00.10 Х/ф. «Озеро страха-4»

13.05 Цикл «Зеленый список» 13.35 «МүзАрт» тобының концерті 15.30 Д/ф «Столица Великой степи» 16.30 Медкеңес 17.00 Арнайы репортаж 17.30 Ұлт пен рух 18.00 Ел мен жер 18.30 Бағбан 18.50 Ән әлемі 19.00 Спорт тайм 19.30 Балдаурен 20.15 Полицейская служба рус 20.30 Апта (каз) 21.30 Апта (рус) 22.20 К/ф «Жерұйық»

 АСТАНА

06.00, 00.30 Алдараспан, нысана,шаншар
08.00,12.30, 23.30 «Шаншар, өнер қырандары»
09.00 М/с «Маша и медведь»
10.00 «Большой закуп»
10.30 Кино«Суперпес»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05,02.00 Т/х «Үлкен үй-3»
08.50 «Біздің концерт»
09.50 «Юрмала»
11.00 Х/ф «Один на всех»
15.00 Х/ф «Балерина»
17.00,03.30 Көркем фильм «Перзент»
18.30 «Уақыт» Тоқтар мен Бейбіттің өн шашуы
21.00 Х/ф. «Снова один на всех»
00.40 «Спасите нашу семью»
22.00 Х/ф. «Радуга в поднебесье»
04.40-05.40 «Біздің концерт»

 ЖЕТІСУ

07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Мультфильм
10.10 Экономика
10.30 Ел мен жер
11.00 Телесериал «Елес қыз»
11.35 Мультфильм
11.45 Монолог Н.Бектемірова
12.00 Шашу
12.50 Net.laik
13.00 Болмыс
13.50 К/ф «Аманат»
16.05 Цикл «Правила жизни».
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Мультфильм
18.50 Бай қуатты болайық
19.20 Құтқару қызметі
19.40 Д/ф «Ә.Марғұлан»
20.00 Ауылдағы ағайын
20.30 Жаңалықтар
21.00 Бағбан
21.30 Новости
21.55 Концерт «Күреңбел»
23.00 Жаңалықтар
23.25 Новости
23.50 Ән әлемі

 АСТАНА

05.58 ҚР Әнұран
06.00, 03.00,05.00 Ризамын
07.00,04.00 Әзіл студия
08.00,01.30 Алдараспан. Нысана.
Шаншар әзілдері
09.00 М/с. «Маша и медведь»
09.20 Готовим с Адель (повтор)
10.00 Готовим с Адель
10.40 Әзілдер жинағы
12.00 Муз.фильм «Қайрат Нұртас»
15.30 Кино «Суперпес»
17.30 Кино «Пенелопа»
19.50 Кино «Красавица и чудовище»
22.30 Фильм-концерт
00.30 Айта берсін

 7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00 Қуырдақ
07.30,16.00,03.00 Гу-гулет
08.00,17.00,03.30 «Айнаонлайн»
08.30 М/с. «Әуежай»
09.00 М/ф «Леди Баг»
10.50 Сериал «Право на ошибку»
15.00 «Саясаттандырылмағандықтарыңыздан»
15.30,03.45 Скetchком «Q –елі»
16.30,20.25 Salem Show
17.30 Х/ф. «Теміржол барыстары»
20.00 «Теле Бинго»
21.00 Лоторея «777»
21.05 Х/ф. «Похищение»
23.10 Х/ф. «Дыши во мгле»
01.10 Х/ф. «Близнецы драконы»
05.00 Жеңіп көр!

13.20 «Айта берсін» 14.20 Кино «Пенелопа» 16.50 Кино «Красавица и чудовище» 19.30 «Книга Джунглей» 21.30 Фильм –концерт 02.00,04.30 Ризамын 03.00 Әзіл студия

 7 КАНАЛ


06.00 « Қыздар арасында»
07.00 «Қуырдақ»
07.30, 16.00, 03.00 «Гу-гулет»
08.00,03.30 «Айнаонлайн»
08.30,09.00 М/с
10.50 Сериал «Домохозяин»
15.00,03.45 Скetchком «Q–елі»
15.30 «Япырай»
16.30 «Саяхаттандырылмаған дықтарыңыздан»
17.00 Т/х Зың-зың Күлпаш
18.50 Т/х «Тақиясыз періште»
21.00 Лоторея 777
21.05 Х/ф «План побега»
23.10 Х/ф «Скалолаз»
01.40 «КЗландия»
05.00 «Жеңіп көр»

САҚ БОЛЫҢЫЗ

Жаздың аптап ыстығы басталды. Мұндайда ел ішінде жедел-өтпелі ішек жолдары ауруларына ұшырайтындар қатары арта түседі. Оған осы кездегі тағамның тез бүлінуі, вирустың көбеюі негізгі себеп. Осындай жолмен таралатын аурулардың бірі – тырысқақ.

Тырысқақ – аса қауіпті жедел ішек инфекциясы, ол гастроэнтерит түрінде көрініп, асқазан-ішек жолдарын зақымдайды. Құсу мен іш өтуінің әсерінен ағза сусызданады да, оның соңы адам ағзасына маңызды микроэлементтер мен электролиттердің жойылуына әкеліп соқтырады. Ауру өте жұқпалы, ауыр өтеді. Уақтылы емделмесе өлім-жітімге ұрындыруы мүмкін. Сондай-ақ, бұл дерт карантинді індеттердің қатарына жатады. Инфекция тарату көзі науқас адам немесе

ҚАУІПТІ ЖҰҚПА



вибротасымалдаушы болып табылады. Инфекцияның негізгі берілу жолы сыртқы орта арқылы жүреді. Оның ішінде инфекция көздерінің ең көбі суда кездеседі, азық-түлік пен тұрмыстық жағдай, қарым-қатынас арқылы жұғатындары да аздап кездеседі. Аурудың инкубациялық кезеңі бірнеше сағаттан 5 тәулікке дейін болады. Ол жедел түрде үлкен дәреттің сұйық су тәрізді болуымен басталады. Оның түсі күріш қайнатпасының түсіндей болып келеді. Басқа да ішек жұқпаларынан

айырмашылығы, адамның іші өткенде ауырсыну сезілмейді. Науқас адам әжетханаға жиі барады, жүрегі айнып, құсады, шөлдей береді. Тоқтаусыз құсу мен іш өту ағзаның сусыздануына соқтырады. Соның салдарынан бұлшық еттердің тартылуы, көздің шүңіреюі, жалпы әлсіздену, бас айналуы пайда болады. Тырысқақ дертінің алдын-алу үшін, біріншіден, жеке гигиена талаптарын қатаң сақтау керек. Әрдайым қайнаған су, бір реттік стакан пайдаланған жөн. Ас ішер алдында және әжетханадан кейін қолды сабынмен тазалап жуу, көкөніс пен жеміс-жидекті пайдаланарда оларды сумен шаю қажет. Ерте бұзылатын тағамдарды белгіленген температурада тоңазытқышта сақтаған дұрыс. Сондай-ақ, ластанған су көздерінде шомылмаған абзал.

Б. МҰРТАЗИН,
ҚРДСК «Ұлттық сараптама орталығы»
ШЖҚ Алматы облысы бойынша
филиалының аса қауіпті инфекциялар
зертханасының маманы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

ОРТАҚ ІСКЕ ҮЛЕС ҚОС

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру жолында әрқайсымыз өзіндік үлес қосумыз керек. Бұл тұрғыда өліміздің сот саласында айтарлықтай жұмыстар атқарылуда.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының 2009 жылдың 27 ақпанындағы «Ісқағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы» №36 өкімі республикамыздың барлық сотында қолданылады. Қазір іс қағаздарын жүргізу номенклатурасына сәйкес жүргізілетін кітаптар, есептік карточкалар, сот тәжірибесінің талдаулары, жедел кеңес және семинар сабақ жаттамалары, жоғары сатыдағы соттармен және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат алмасу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Ал сот төрелігін жүзеге асырудағы сот ісінің тілі туралы қағидаттың сақталмауы бірқатар кемшілікке ұрындырып келетіні құпия емес. Мәселен, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде тергеушілер өздері жақсы меңгерген орыс тілінде істі жүргізуге мүдделі болып, айыпталушыны да, жөбірленушілерді де осы тілде жауап беруге мәжбүрлеген жағдайлар аз емес. Сондықтан, іс сотқа келіп түскенде, кейде жөбірленушілер, басқа жағдайда сотталушылардың өздері сот өндірісінің тілін білмейтін болып, аудармашы талап етіп отыратын тұстар көп. Бұған қоса қорғаушылар тарапынан да өздерін қорғауындағы адамдарды айтқандарына

көндіріп, айдағандарына жүргізуге тырысатынын да кездестіріп қаламыз. Оны, әсіресе, процестер кезінде анықтап жатамыз. Демек, мұндай кемшіліктерді түзетіп, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырымыз келсе, бірінші кезекте қарапайым халықтың құқықтық сауатын ашуымыз қажет. Олар өздерінің конситуциялық құқықтарын, сотқа меңгерген тілінде, ана тілінде арыз беруіне, жауап беруіне құқықығы бар екенін бастапқы тергеу амалдары кезінде толық пайдаланып, заңның бұрмалануына жол бермейтіндей дәрежеге жеткізу керек. Осы орайда, жұртшылықпен кездесулер өткізіп, түсінік жұмыстарын жүргізу, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттау жұмыстарын жүргізсе, нұр үстіне нұр болар еді. Бұған тергеушілер мен прокурорлардың, адвокаттардың бас қосуларын өткізіп, сот ісінің тілі туралы толғағы жеткен осы мәселені талқылау өткізіп, кемшіліктерді жою жолдары қарастырылса да ортақ істің ілгері басуына ықпал етер еді деп ойлаймыз.

Ержан БАЙМОЛДИНОВ,
Талдықорған қалалық сотының
жетекші маманы.



салауатты өмір салтын ұстануға, өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға, әскери қызмет қауіпсіздігінің талаптарын, сырқаттанудан, улану мен жарақаттанудан сақтандыру шараларын сақтауға, дене дайындығы мен жаттығуды күнделікті арттыруға, ағзасын шынықтыруды жүзеге асыруға тиіс екендігі әскери Жарғыда бекітілген. Әскери қызметшінің әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде алкогольдік, есірткілік немесе өзге де масаң күйге ұшырататын заттарды тұтынуына жол берілмеуі қажет. Осы орайда, Талдықорған гарнизоны Әскери полиция бөлімінің жеке құрамымен, наркологиялық орталығының маманы (нарколог дәрігері) Арынов Ақылбек Арынов пен Талдықорған қаласының әскери госпиталінің дәрігері, медицина қызметінің майоры Руслан Екібаев Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде өткізіліп жатқан «салауатты өмір салтын насихаттау, маскүнемдікті, есірткі және улы

ДӘРІГЕР-НАРКОЛОГТЫҢ ДӘРІСІ

Әскери қызмет өткеру - бұл қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенімге ие мемлекеттік қызметтің ерекше түрі. Сол себептен, әскери қызметшілердің адамгершілігі мен моральдық этикалық келбетіне жоғары талаптар қойылады.

Әскери қызметшінің қызметінің онкүндігі аясында «Нашақорлық пен ішімдіктің зияны» тақырыбында дәріс жүргізді. Іс-шарада алдын ала дайындалған тақырыпқа байланысты бейнеролик көрсетілді. Сондай-ақ, баяндамашылар тарапы қазақстанда тіркеуде тұрған нашақорлар мен ішімдік ішетін азаматтар жайлы статистикалық анықтама беріп, құқықбұзушылықтарды жасайтын адамдардың 70-80 пайызы ішімдік ішу, нашақорларлық салдарынан орын алатыны туралы да тілге тиек етті.

Дәріс барысында нарколог-дәрігерлер бөлім жеке құрамы тарапынан қойылған сауалдарға жауап беріп, өз кеңестерін берді. Бұл індеттің ұрпаққа зияны көп болатынын да айтып, салауатты өмір салтын насихаттау Әскери полиция оқандарының басты қағидаты болып табылатынын еске салды.

С. МОЛДАХАНОВ,
майор, ТГ ӘП бөлім басшысының
қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша
орынбасары.

ҚҰҚЫҚ

СОТ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТШЫСЫ

Сот отырысының хатшысы – сот отырысының хаттамасын жүргізетін, қылмыстық іске мүдделі емес мемлекеттік қызметші.

Ол - өзі хаттамалауды қамтамасыз етуі қажетті барлық уақытта сот отырысы залында болуға және сот отырысына төрағалық етушінің рұқсатынсыз кетпеуге, хаттамада соттың іс-әрекеті мен шешімін, соттың отырысына қатысушы барлық адамның өтініштерін, қарсылықтарын, жауаптарын түсініктемелерін, сондай-ақ, сот отырысының хаттамасында көрсетуге, басқа да жағдайларды толық және дұрыс жазуға тиіс. Сонымен бірге, сот отырысының хаттамасын белгіленген мерзімде дайындауға, жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жарияламауға міндетті.

Сот процесінің өз уақытында өтіп, тараптардың бірдей қатысуы сот отырысы хатшысының жұмысты дұрыс ұйымдастыра білуіне, жауапкершілігіне, біліктілігі мен ұқыптылығына байланысты. Сот отырысының хатшысы әдепті, білімді, қарапайым болумен қатар, арызданып келген халыққа өз құқықтарын қысқаша түрде түсіндіріп, сот төрелігінің әділдігіне, мемлекеттің мүддесіне қызмет атқаратындығына сендіре білу керек.

Жасұлан БАЙМҰҚАШЕВ,
Алматы облысы МАЭС-ның бас маманы-сот
отырысының хатшысы.

МАМАН МІНБЕРІ

МЕДИАЦИЯ - МӘМІЛЕ АЛАҢЫ

Қазір кезде дауда, кикілжің де көбейді. Оған бірден-бір себеп - меншік түрлерінің көбеюі нарықтық қатынастардың орнауы және халықтың құқықтық сауаты мен талабының артуы. Кез келген ұсақ-түйек даулармен ел сотқа жүгінетін болды.

Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет.

Осындай тетіктердің бастамасы ол Қазақстан Республикасының «Медияция туралы» Заңы. «Медияция туралы» Заңның 1-бабында оның қолданылу аясы белгіленген. Егер Қазақстан Республикасы заңдарында басқаша белгіленбесе жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзгеде құқықтық қатынастарынан туындайдайтын даулар, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын дау-шаралар медиацияның қолданылу саласы болып табылады. Медиация, яғни, араағайындық негізінен тұрғын үй, еңбек, отбасылық және көршілер арасындағы даулар мен кикілжіңдерді шешуде қолданылады. Ал, қылмыстық істер, егер олар аса ауыр болмаса, сотта қаралуға жатпаса, оларды да медиаторлардың қарауына беруге болады.

Жалпы, «Медияция туралы» заңның түйткілдері көп. Ең алдымен, құқықтық құжатта қолда бар мүмкіндіктер дұрыс ескерілмеген. Қазақы ұғымға сәйкестендірсек, медиатор екі жаққа да ортақ, дау-дамайда айтысушы жақтарды мәмілеге келтіріп, тең шешетін араағайын. Ал, өкінішке орай, қоғамда тараптарды татуластырып, дауды сотқа жеткізбей шешу рәсімін жүзеге асыратын мамандар тапшы. Оқыған, тоқыған медиаторлар жоқ. Заң бойын-

ша кәсіби және кәсіби емес медиаторлар дауды шешуде пәрменді жұмыс істеуі керек. Мұндайда, медиатордың жай емес, кәсіби болғаны дұрыс. Оның жоғары заңдық білімі ғана емес екі тарапты келісімге келтіре алатындай білігі, сөзін тыңдата алатын қасиеті, ең бастысы, психологиялық қабілеті болғаны дұрыс. Медиатор тараптардың мәселелерін таразылап, дауды сотқа жеткізбей шешуге талапанып, ортақ келісімге келтіретіндей жағдайда болуы қажет.

Бүгінгі күні елімізде кәсіби медиатор бар. Бірақ, өкініштісі, солардың көпшілігінің мемлекеттік тілді меңгеруі кемшін. Қазақ тілінде қызмет етуші кәсіби медиаторлар өте аз. Ал, келісім арқылы түйінді тарқатқысы келетіндердің көпшілігі ауылдан екенін ескерсек, бізге бұл бағытта әлі де көп еңбектенуге тура келері даусыз.

Құралай ДАРХАНОВА,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ ЖҮРСІН

КҮЙДІРГІ



1950 жылдан жиналған мәлімет бойынша Қазақстанда үш мыңнан астам елді мекенде жұқпа көзі белең алса, оның ішінде 70-ке жуығы тек соңғы төрт жылда тіркелген. Күйдіргі ауруының қоздырғышы (микро-

Күйдіргі (сибирская язва) – малдан адамға жұғатын аса қауіпті жұқпалы аурудың бірі. Онымен төрт түлік мал түгел ауырады. Ежелден мал өсірген қазақ халқы малдың түріне қарай күйдіргіге де әртүрлі атаулар берген. Мысалы: қойдағы күйдіргі – топалаң, ешкідегі – кебенек, ірі қарадағы – қарасан, жылқыдағы – жаманат, түйедегі – ақшөлек деп атаған.

бы) сыртқы ортаның әсерінен өте шыдамды, ол спорға айналған соң 120 – 160 градус ыстыққа 2 – 3 сағатқа дейін өлмейді. Спорлар топырақта бірнеше жылға (кейбір деректерде 120 жылға) дейін шыдайды. Малдың немесе адамның денесіне енгенде спорлар тез арада өзгереді, ауру қоздыратын түріне қайта айналады. Сондықтан да түйнеме қоздырғыштарынан бактериологиялық қару жасалатыны тегін емес. Малдар бұл аурудың қоздырғыштарын көбінесе жаз, күз айларында шөбі қысқа, күйдіргіден қолайсыз деп есептенілетін жайылымдардағы топырақтан, судан немесе ауырған малдың етінен, сүйегінен жасалатын жемнен жұқтырып ауырады. Ал адамдарға күйдіргіден ауырған малдарды сою, терісін сыпырып, етін жіліктеу,

тамаққа пайдалану, жүнін өңдеу кезінде жұғуы мүмкін. Сонымен бірге күйдіргіден ауырған малдары бар қораларда шаң-тозаң арқылы немесе ауру малды сона, қансорғыштар шағуы арқылы жұқтыруы мүмкін.

Өкінішке орай соңғы кезде адамдардың күйдіргіден топтап ауруы көбейіп кетті. Себебі, бүгінде мал шаруашылығы мен шұғылданатын ұжымдар мен серіктестіктер, жеке меншік мал ұстайтын азаматтардың арасында мал дәрігерлердің қызметін қажетсініп, малдарын мезгілінде күйдіргіге немесе басқа да жұқпалы ауруларға қарсы ектірмеу (вакцинация) мал санын жасырып қалу, ауырған малды мал дәрігеріне уақтылы хабарламай сойып, етін бірнеше үйге таратып беру немесе басқа бір жерге апарып сатып жіберу жағдайлары

жіі кездеседі. Мал өнімдерін өндіретін, өңдейтін, сақтайтын, сататын немесе басқа жерден алып келетін кіші не орта өнеркәсіп орындарының иелері мал дәрігерлері мен санитарлық – эпидемиологиялық қадағалау басқармалардың қызметкерлерімен ақылдаса жұмыс жүргізген жөн.

Оқырмандарға айтарымыз, мал немесе ет, тағы басқадай мал өнімдерін сатып алатын болсаңыз, сатушылардан мал дәрігері берілген анықтаманы талап етіп, арнайы ет сататын жерлерден ғана алған жөн. Кез-келген жерден, көшеден, жол бойынан, заңсыз базарлардан мал және мал өнімдерін алу – аурудың басты көзі болып табылатынын естен шығармаңыз. Аурудың алғашқы белгілері білінісімен дәрігерге көрінуді ұмытпаңыз.

Ж. ДӨРМЕНБЕКОВА,
ҚРДСК «Ұлттық сараптама орталығы»
ШЖҚ Алматы облысы бойынша
филиалының аса қауіпті инфекциялар
зертханасының меңгерушісі.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

ӨЗ ҮЙІН – ӨЛЕН ТӨСЕГІН

«ЕНДІ БҰЛ БІЗДІҢ ҮЙІМІЗ». ҚУАНЫШТАН ЖҮРЕГІ ЖАРЫЛУҒА ШАҚ ҚАЛҒАН ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ НАТАЛЬЯ МЕЛЬНИКОВАНЫҢ АУЗЫНАН ШЫҚҚАН АЛҒАШҚЫ СӨЗ ОСЫ БОЛДЫ. АЛ ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ АЛЕКСАНДР СИЗИКОВ БІР КҮНДЕ-АҚ ҮЙГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕМІН ДЕП ОЙЛАМАҒАН. СОНДЫҚТАН ДА БҰҒАН ЕШ СЕНЕР ЕМЕС. ДЕСЕ ДЕ, ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН БАСПАНАЛЫ БОЛСАҚ ДЕП АРМАНДАП КЕЛГЕН КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫ АРМАНЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.

Баспана кілті мен құжаттарын табыстау сәтінде Сизиковтар отбасының балалары бақытты күйге бөленсе, бұл күнді қаншама жыл күткен ата-ана қуаныштан көздеріне жас алды.

Ал «Фирма СМР» ЖШС директоры Жанболат Піржановтың айтуынша, бұл отбасының жағдайына қанық болған күннен қолұшын беруді ойлап, көпбалалы отбасына үй іздеп тауып, құжаттарын да реттеп берген.

- Біз тек үй алып бердік, енді осымен тәмам демейміз. Ары қарай да Сизиковтар отбасын қанатымыздың астына алып, кез-келген жағдайда қолұшын беріп тұруға әзірміз, - дейді ол.

Баспаналы болып, бақытқа бөленген Наталья Мельникова мен Александр Сизиков отбасылы болған 20 жыл ішінде небір қиын

кезеңді басынан өткерген. Десе де еш мойымай, қол ұстасып бірге келеді. Отбасының тірегі Александр бірінші топтағы мүгедек болса да әйелімен бірге Алла берген жеті баланы өсіріп, тәрбиелеген. Натальяның айтуынша, бір кездері нанға ақшалары жетпеген күндері болыпты. Бірақ, қол қусырып құр отырмаған.

- Қуанышымда шек жоқ. Біз бұл үйді 17 жыл бойы жалдап келдік, енді міне, өз баспанымызға айналды. Үйіміз кең әрі жайлы. Әрі осы жерге үйреніп те алдық. Бізге осындай тосын сый жасаған демеушілерге деген алғысымыз шексіз. Шыдам мен төзімнің, арадағы сүйіспеншіліктің арқасында бір кездері мұңға батып, қиналған шағымыз артта қалды. Енді бәрі ақырындап реттеледі деген



сенімдемін, - дейді Наталья Мельникова.

Қазіргі таңда отбасының үлкендері Сергей, Евгения мен Ксения Сизиковтар өз шаңырақтарын құрып үлгерген. Арасында ата-анасы мен қалған бауырларына қол ұшын беріп тұрады екен. Ал Аврам, Рафаэль, Рауль мен Аулика мектеп жасындағы балалар болса да үйдегі жұмысқа

бел сыбана кірісіп, бау-бақшаға қарап, ата-анасының бір жағына шығысып келеді. Күз айында өз қолдарымен өсірген жемістері мен көкөністерінен жақындарына дәм татқызуды ойлап жүр. Ал үйдің кенжесі - Аулика анасымен бірге түрлі тәттілерді әзірлеп үйренуде.

- Өзіміздің үйіміз болғанына сондай қуаныштымын. Болашақта мен де кәсіпкер болып,

жағдайы төмен жандарға қол ұшын беріп көмектессем деймін. Ол үшін сабақты үздік оқуым керек, - дейді Рауль Сизиков.

Айта кетейік, дәл осы компания өткен жылы текелілік балаларға арнап ойын алаңын тарту еткен болатын.

С. ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ.
ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ.

● МӘДЕНИЕТ

ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫ Н. НАЗАРБАЕВ: «АСТАНА БҮГІНДЕ – ҚАЗАҚСТАН ЖЕТІСТІГІ МЕН ЖЕҢІСТЕРІНІҢ СИМВОЛЫ» ДЕП БАҒА БЕРІП, ЖАС ҚАЛА БОЛСА ДА ЕЛОРДАМЫЗДЫҢ ҚАЗАҚ ЖҰРТЫ ҮШІН ТАРИХИ МӘН-МАҢЫЗЫ ЗОР ЕКЕНДІГІН ЖӘНЕ БІР АЙҚЫНДАП БЕРГЕН ЕДІ. АЛ, БҮГІНДЕ НҰР-СҰЛТАН АТАУЫН АЛҒАН ЕЛОРДАМЫЗ – БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЛАСЫ. МӘДЕНИЕТТІҢ ОШАҒЫ, ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ ОРДАСЫ, КӨГІЛДІР ТУЫ ЖЕЛБІРЕГЕН ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ҚАСИЕТТІ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ.

БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

Осыдан ширек ғасыр бұрын астананы ауыстыру идеясы алғаш жария етілгенде бұл пікірге қарсы болғандар да, сенімін артып, жақтағандары да айналасы 20 жылдың ішінде ел жүрегі – Арқа төсінде осындай заманауи мегаполис бой көтереді деп ойламаған еді. Бұл көшу жөніндегі мәселеде үлкен үгіт-насихат жұмысын жүргізуді қажет етті. Өрнені сылтау етіп, құлаш-құлаш мақала жазып, қарсылық білдіріп баққандар көп еді. Міне, осындай тығырыққа тірелген

сәттерде Елбасы ерен ерік-жігер танытты. Нұрсұлтан Әбішұлы үкіметтік жиындар мен кездесулерде, ақпарат құралдарына берген сұхбаттарында астананы көшіру идеясының стратегиялық, экономикалық, жалпыұлттық маңызын жан-жақты ашып, ел мүддесі, ұрпақ болашағы үшін бұл бастаманың өте сәтті жолға қойылатындығын алға тартты. Ұрей мен белгісіздік торлаған халық санасына сенім сәулесін түсіріп, келешекке бастар батыл әрі нық қадамды алғаш болып өзі басты. Қазақстан Республикасының Парламенті 1994 жылы 6 шілдеде ел астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылдады. Жиында депутаттар алдында жасаған тарихи баяндамасында Елбасы Ақмола қаласының тәуелсіз мемлекетіміздің астанасы болып таңдалуының 32 негізгі себебін, тиімді тұстарын атап берген еді. Олар: әлеуметтік-экономикалық, геосаяси, көлік инфрақұрылымы, инженерлік-коммуникациялық, құрылыс, еңбек ресурстары және басқа да қолайлы мүмкіндіктер еді. Желден жүйрік бұл уақыт та Мемлекет басшысының бастамасымен аталған мақсаттарды ақиқатқа айналдырды.

Осылайша, көз алдымызда тәуелсіз Қазақстанның тарихы салтанат құрды. 1997 жылы қарашада еліміздің Мемлекеттік рәміздерін Алматыдан Астанаға әкелу, Президент Әкімшілігінің, Парламенттің, Үкіметтің жаңа астанада жұмысын бастау секілді тарихи рәсімдері өткізілді. Әнұранымыз асқақтап, Арқа төсіндегі Президент Әкімшілігінің жаңа ғимаратының төбесіне егемен елдің Көк байрағы көтерілді.

Араға 21 жыл салып Нұр-Сұлтанда қала көркін арттырған сәулет өнерінің озық үлгілері бой көтерді. «Ақорда», «Астана триумфы», «Пирамида», «Бөйтерек», «Хан Шатыр», «Қазақ елі» монументі, «Мәңгілік ел» аркасы, тұғырдың ұшар басынан заңғар аспанға ұмтылған самұрық құс азаттық аңсаған әрбір қазақ баласының жүрегіне мақтаныш сезімін ұялатты.

Еліміздегі қаншама жастарымыз өз болашағын ел астанасымен байланыстырғысы келеді. Өлбетте, жастардың бұл арманы бекер емес-ті. Себебі, Нұр-Сұлтан – биік арманға жол ашып, өзінің нұрлы шуағына бөлейді. Н. Назарбаевтың «Мейлінше қысқа мерзімнің ішінде біз жаңа байтағымыз –

Астананы көтердік» деуінде терең мән бар. Уақытты қанша жерден жүйрік десеңіз де, уақыттың өзі бас қаламыздың жасампаздығын дәлелдеді.

Нұр-Сұлтан – Қазақстан тәуелсіздігінің тұғыры. Осы уақытқа дейінгі өткен жылдар мемлекетіміздің қауіпсіздігін, еркіндігін, аумағының мызғымастай беріктігін, ел экономикасының қарқынды даму стратегиясын қамтамасыз еткен тәуелсіз Қазақстан тарихындағы



бетбұрыс кезең. Бұл қала аз уақыт ішінде Қазақстанның шынайы тәуелсіздігі мен егемендігін паш еткен мемлекеттік орталық болып танылды. Келешекте де, тіпті ғасырлар бойы Қазақстан халқының азат ойы мен мүдделері, қол созған асқақ арманы мен мақсаттары жүзеге асырыла беретін болады. Бұл Елорда болып қана емес, жастар үшін рухани орда, мәдени орда болса деп армандаймын.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Астананың атауын өзгерту туралы ұсыныс жасаған кезде «Біздің ұлы замандасымыздың, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімін келесі жолдармен мәңгі есте қалдыру дұрыс деп санаймын» деген еді ол өз сөзінде. Расымен де, ұлықтауға ұратын Елбасының ерен еңбегі тарих жадынан өшпек емес. Тіпті, осы қадам үшін қазақ даласының келешек ұрпағы алғыс айтып өтуі тиіс.

Осынау байтақ даланың шығыс өңірі Ертіс жағасынан Сарыарқа мен Есілдің төл сәбиіндей еңселі қалаға деген сүйіспеншіліктен аласармақ емес.

Қайрат ИМАНХАНОВ,
Көксу аудандық сотының Төрағасы.

ҰСТАЗ ОЙЫ

БІЛІМ БЕРУДІҢ, ДЕҢГЕЙІ МЕН САПАСЫ

Ел экономикасы дамуының қайнар көзі – білімде. Бүгінгі таңда елімізде білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылуда.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз етуді көздейді, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады.

Алматы облысының ұстаздары Талдықорған қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығында «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» тақырыбында екі апталық курс оқып, кәсіби біліктіліктерін арттырады. Бірінші апталықта бөлім бойынша жиынтық бағалау жайында, екінші аптада тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрудың қыр-сыры айтылмақ.

Әр ауданнан келген ұстаздар сертификат иеленген соң өздері қызмет істейтін мектеп және аудан мұғалімдерімен тәжірибесін бөліседі. Алайда, бүгінгі таңда Алматы облысы бойынша курстан 200-дей ұстаз ғана өтті. Сондықтан да «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» тақырыбындағы курс алдағы уақытта жалғасын табады деп сенеміз. Себебі әр ұстаз бағалау жұмыстарының тапсырмаларын шебер құрастыра білуі керек.

Р. РАМАЗАНҚЫЗЫ,
С. Иманасов атындағы орта мектептің педагог-ұйымдастырушысы.
АЛАКӨЛ АУДАНЫ.



ВОЗРОСЛА СТАТУСНАЯ ПОЗИЦИЯ МОЛОДЕЖИ

2019 год в Казахстане объявлен Годом молодежи. На то есть соответствующий Указ Первого Президента-Елбасы РК Нурсултана Назарбаева. У Елбасы особое, трепетное отношение к молодежи – и к рабочей, и к сельской, и к творческой, и к студенческой. Он не устает повторять, что развитие института семьи и молодежной политики должны стать одним из главных направлений работы всего госаппарата.

В современных условиях молодежь Казахстана отличается большей мобильностью и избирательностью в своем отношении к миру ценностей, поиском себя, своей индивидуальности. Современная шкала ценностей осложняется избытком выбора, в системе ценностных ориентаций проявляются ситуативные и долговременные представления молодежи. Молодежь восприняла ценности рынка, поставив популярность жизненных стратегий социального успеха на первые места: среди целеполагающих ценностей молодежи доминирует образование, которое оказывается на самых верхних ступенях иерархии, а также принцип индивидуального планирования собственной жизни самим человеком, личная инициатива, ценность свободы личности, ее суверенитет, свободная конкуренция и т.д. В лице современной молодежи в казахстанском обществе сформировался абсолютно новый культурный тип, существенно отличающийся от культурных поколений: сформировался слой молодежи с новыми ориентирами, ценностными установками на достижение успеха, рациональным

экономическим поведением. В этом плане, на своих многочисленных встречах с молодежью Казахстана Елбасы Н.А. Назарбаев подчеркивает: «Каждому человеку надо привить умение делать, умение учиться, умение жить, умение жить вместе в современном мире».

Образ культуры и мышления современной казахстанской молодежи станет типичным для нашей социокультурной действительности уже через несколько лет. По природе своей молодежь значима для общества, это тот человеческий капитал, инновационный, стратегический ресурс общества. Молодежь в настоящее время воспринимается как субъект истории, в которой общество воспроизводит себя на каждом следующем этапе собственного развития, ей не отводится второстепенная роль, напротив, возросла ее статусная позиция.

Серик МУХАМЕДЬЯРОВ,
главный специалист-секретарь
судебного заседания СМЭС.

ЗНАЧЕНИЕ ИСТРЕБИТЕЛЬНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ ПРОТИВ ГРЫЗУНОВ И ПРОФИЛАКТИКЕ ИНФЕКЦИОННЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ

Дератизация – способы борьбы с грызунами, носителями возбудителей заразных болезней. Грызуны поедают, портят и загрязняют пищевые продукты, делая их непригодными для дальнейшего употребления и опасными с эпидемиологической точки зрения. Приводят в негодность ценные вещи, предметы, нарушают изоляцию электропроводов, кабеля, телефонной связи и т.д. Крысы, суслики, песчанки, сурки и другие грызуны могут быть носителями многих инфекционных болезней. Созданию эпидемического неблагополучия (заболеванию чумой людей) в определенных природно-климатических условиях предшествуют эпизоотии среди грызунов. Крысы могут также быть источниками заболеваний человека лейшманиозом, болезни Бриля, туляремии и некоторых энцефалитов, грибовых заболеваний, глистных инвазий. Мыши играют роль в распространении среди людей туляремии, паратифозных заболеваниях, глистных инвазий и др. Крысы и мыши наиболее близко соприкасаются с жилищем человека, с предметами домашнего обихода, продуктами питания. Оба эти виды грызунов обитают и размножаются во всех строениях – жилых домах, складских помещениях, коммуникациях, объектах животноводства, полевых хранилищах для фуража и т.д.

Наличие грызунов в домохозяйствах рассма-

тривается как показатель санитарного неблагополучия, требующих проведения дератизационных мероприятий. Проведение дератизации является неотъемлемой частью комплекса обязательных санитарно-противоэпидемических мероприятий направленных на предупреждение и снижение риска инфекционных заболеваний. Истребительные меры предусматривают постоянную работу по истреблению различных видов грызунов с целью уменьшения их количества, так как они имеют эпидемиологическое значение и наносят экономический ущерб. Мероприятия по борьбе с грызунами проводятся организациями занимающиеся дезинфекционными, дезинсекционными, дератизационными услугами. Основной задачей является обеспечение эпидемиологического и санитарного благополучия путем постоянного снижения уровня заселенности объектов грызунами. Особое внимание должно уделяться предприятиям общественного питания, пищевой промышленности, торговли, мясокомбинатах, скотобойнях, складских помещениях, на рынках, учебных заведениях, лечебных и профилактических учреждениях.

Д.К. ОНАЛБЕКОВА,
Начальник дезинфекционного отдела
РГП на ПХВ «НЦЭ» КООЗ МЗ РК
по Алматинской области

УЧЕНИЦА 11 КЛАССА НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ШКОЛЫ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН СТАЛА ФИНАЛИСТКОЙ АКАДЕМИИ ТВОРЧЕСТВА КЛУБОВ ЮНЕСКО

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ТВОРЧЕСКИЙ КОНКУРС СОСТОЯЛСЯ В ГОРОДЕ АЛМАТЫ В ЧЕСТЬ 10-ЛЕТИЯ КАЗАХСТАНСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ФЕДЕРАЦИИ КЛУБОВ ЮНЕСКО.



Проект охватил более 2 000 мотивированных талантливых детей и подростков из 14 областей и отдаленных регионов нашей страны. Ученица 11 класса Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган Лола Байтунова успешно пройдя отборочный этап вошла в список 50 одаренных детей в номинации «Вокальное искусство».

Для финалистов конкурса был организован 10-дневный образовательный курс, где они оттачивали свое мастерство в разных направлениях, посещали учебно-лекционные курсы от самых сильных тренеров Детской академии наук «GKB», мастер-классы и обучающие тренинги выдающихся деятелей искусства и науки Казахстана.

Кроме того, финалисты смогли посетить

редакции информационного портала Tengrinews, Massaget.kz, Vesti.kz, медиа-портала The Steppe, научно-популярного журнала «OYLA» и открыть тайны закулисы Государственного академического театра танца Республики Казахстан и театра современного танца «Самрук».

Итогом данного события стал торжественный Гала-концерт, в котором участники номинации музыкального, вокального и хореографического искусства продемонстрировали свои отточенные навыки и выступили с популярной этно-фолк группой «Аркаим».

«Я представила вокальный номер, исполнив песню Ladi Gaga Lyrics «Born this way». Песню мне помогла подобрать Зарина Құрманбаева, магистр по науке и преподаватель по вокалу факультета «Эстрадный вокал». Я очень рада, что стала финалисткой республиканского конкурса Юнеско. Для меня это был большой опыт в сфере музыкальной индустрии. Уверена, такие программы помогают участникам раскрывать свои таланты, воспитать в себе лидерские качества», - поделилась своими впечатлениями юная артистка, Лола Байтунова.

А. МУРАТКЫЗЫ.

СФЕРОЙ ПРИМЕНЕНИЯ МЕДИАЦИИ ЯВЛЯЮТСЯ СПОРЫ (КОНФЛИКТЫ), ВОЗНИКАЮЩИЕ ИЗ ГРАЖДАНСКИХ, ТРУДОВЫХ, СЕМЕЙНЫХ И ИНЫХ ПРАВООТНОШЕНИЙ С УЧАСТИЕМ ФИЗИЧЕСКИХ И (ИЛИ) ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ, А ТАКЖЕ РАССМАТРИВАЕМЫЕ В ХОДЕ УГОЛОВНОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА ПО ДЕЛАМ О ПРЕСТУПЛЕНИЯХ НЕБОЛЬШОЙ И СРЕДНЕЙ ТЯЖЕСТИ, ОБ УГОЛОВНЫХ ПРОСТУПКАХ, ЕСЛИ ИНОЕ НЕ УСТАНОВЛЕНО ЗАКОНАМИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, И ОТНОШЕНИЯ, ВОЗНИКАЮЩИЕ ПРИ ИСПОЛНЕНИИ ИСПОЛНИТЕЛЬНОГО ПРОИЗВОДСТВА.

НАХОДИТ ВЫХОД ИЗ ТУПИКОВОЙ СИТУАЦИИ

При медиации стороны непременно рассчитывают на равные права, а также на них возлагаются равные обязанности. Стороны согласованно решают обратиться к медиатору или нет. В случаях, когда решение проблемы таким путем не представляется возможным, за ними сохраняется право обратиться в суд.

В случае если соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации заключено на стадии исполнения судебного акта, оно представляется на утверждение в суд первой инстанции по месту исполнения судебного акта или в суд, принявший указанный судебный акт.

Например, в соответствии с трудовым законодательством, возникновению трудового спора предшествует трудовой конфликт, который перерастает в трудовой спор с момента обращения одной из сторон конфликта в юрисдикционный орган.

На практике стороны зачастую не предпринимают никаких действий и никуда не обращаются, но конфликтная ситуация сохраняется и может привести к негативным последствиям для обеих сторон. Для работника неразрешенный конфликт может привести к таким последствиям, как

неудовлетворенность своей работой, стресс, снижение мотивации к труду, для работодателя – это снижение качества и количества продукции, нестабильность трудового коллектива, возникновение управленческих проблем и т.д. В итоге накопленная негативная энергия может трансформироваться в реальную протестную акцию. На практике, если работник обратился в суд за защитой своего права, то рано или поздно работодатель постарается избавиться от него. Поэтому обращение за защитой своих прав в суд возможно лишь после увольнения.

Привлечение медиатора возможно при любом трудовом споре. Преимущество медиации заключается в том, что она позволяет найти выход из тупиковой ситуации, при этом сохраняются трудовые отношения и не наносится ущерб репутации работодателя. Также одним из преимуществ медиации является гарантия соблюдения полной конфиденциальности самой процедуры и принятого соглашения.

Меруерт НУРЖАХАНОВА,
главный специалист-секретарь судебного
заседания Талдыкорганского
городского суда.

МАРКЕТИНГУ И УПРАВЛЕНИЮ ОБУЧИЛИ СЕЛЬСКИХ ЖЕНЩИН

Как сообщает пресс-служба палаты предпринимателей области, в Енбекшиказахском районе Алматинской области прошел большой семинар для женщин-предпринимателей сельской местности.

Бесплатный мастер-класс «Развитие женского предпринимательства в сельских регионах», организован НПП РК «Атамекен» при содействии Азиатского банка развития (АБР). Обучение направлено на дальнейшую поддержку женского бизнеса, а также развитие экономического потенциала сельских женщин.

В работе семинара приняли участие 40 предпринимательниц со всех районов региона. Среди них руководители крестьянских хозяйств, директора производственных компаний, индивидуальные предприниматели и будущие бизнесвумен.

Семинар открыла директор Департамента социальных инициатив НПП РК «Атамекен» Салтанат Абдикаримова. Далее о роли АБР в сфере поддержки женщин-предпринимателей в Казахстане рассказал аналитики по операционным вопросам АБР Рафаэль Акуино.

«Сейчас АБР совместно с «Атамекеном» инвестирует в воркшопы, которые проходят в во всех регионах Казахстана с июня по октябрь. Мы считаем, что нужно развивать сельскую местность, не только большие города как Нур-Султан, Алматы. В ближайшее время планируется начать выдачу займов в «Forte Bank» через Фонд «Даму» в размере 10 миллионов долларов», - рассказал Рафаэль Акуино.

Семинар проведен бизнес-тренером, исполнителем директором Фонда местных сообществ Енбекшиказахского района Бахытгуль Ельчибаевой. В ходе двухдневного обучения бизнес-тренер через практические задания, деловые игры и кейсы обучила азам предпринимательства, разъяснила нюансы бухгалтерского и управленческого учета, привлечения инвестиций. Также слушательницы узнали о важности развития личного бренда, PR и основы маркетинга.

«На семинаре мы обучаем тому, как развиваться, как выбрать направление для развития, как его развивать и дополнить. Изучили какими маркетинговыми, финансовыми, законодательными инструментами можно овладеть в ходе ведения своего бизнеса. Одним из аспектов обучения стало участие представителей финансовых институтов, где женщины узнали о возможности дополнительного финансирования. Наша задача была помочь им управлять этими финансами и определить



какие навыки для этого должны развивать», - отметила Бактыгуль Ельчибаева.

Вместе с тем, представители областной Палаты предпринимателей, регионального филиала ФРП «Даму», банков второго уровня - АО «Нурбанк», АО «Forte Bank», АО «Банк Центр кредит» и ТОО «Микро-финансовой организации «KMF» презентовали меры государственной поддержки и программы кредитования проектов субъектов предпринимательства. После их выступлений женщины смогли задать вопросы и получить личные консультации от менеджеров.

Участницы семинара отметили значимость проведения семинаров для повышения профессиональных навыков и популяризации идеи массового предпринимательства в сельской местности. Так как на сегодняшний день свыше 80% населения Алматинской области живут в селе.

Одна из участниц семинара – директор ТОО «A.Rich» Меруерт Молдашева из Жамбылского района. Бизнесвумен планирует поделиться с полученными знаниями с другими предпринимательницами района.

«Очень полезный и содержательный семинар. Хочу поблагодарить организаторов за обучающее мероприятие. В настоящее время мы занимаемся организацией отдыха для детей и рассматриваем туризм как дополнительный вид бизнеса. Будем применять полученные навыки для развития нового дела», - отметила предпринимательница.

В завершение семинара всем участницам вручены сертификаты.

Напомним, что обучающие семинары от «Атамекен» при поддержке АБР пройдут в 15 регионах страны.

Ш. БАТЫРХАНОВ

ФУТБОЛ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАНДА
ФУТБОЛ СТА-
ДИОНЫ АШЫЛ-
ДЫ. АЛАҢҚАЙҒА
АРНАЙЫ КЕЛГЕН
ҚАЛА ӘКІМІ ЖАС
ЖЕТКІНШЕКТЕРГЕ
ДОП ТАРАТЫП, ӨЗІНІҢ
ЖЫЛЫ ЛЕБІЗІН
БІЛДІРДІ. СОНДАЙ-АҚ,
ШАҢАР БАСШЫСЫ
АЛДАҒЫ УАҚЫПТА
БАЛАЛАРМЕН БІРГЕ
ФУТБОЛ ОЙНАУҒА
НИЕТТІ ЕКЕНІН ДЕ
АТАП ӨТТІ.

«Жұмыс барысымен қаламыздың солтүстік аймағына келгенімде, осы жердің тұрғындары балаларға футбол ойнайтын алаң керек екенін айтып еді. Біз бұл өтінішті жерде қалдырмай, тез арада шешім қабылдадық», - дейді Ғалымжан Әбдірайымов. Жыл соңына дейін аула клубтарының балаларына 5 мың доп таратылатындығы да аталып өтті.

Футбол алаңының ашылғанына әсіресе балалар дән риза. Бұрындары шөп басып, бос жатқан жерге енді жеткіншектер күнде келіп, доп тебулеріне болады. Себебі, қазір бұл алаңның шөбі қырқылған. Екі жағына қақпа орнатылып, стадионның сызықтары белгіленген.

АҚШ-ТА ӨТКЕН
ЖҮЗУДЕН СА
DOLFIN FRAN
CRIPPEN SMOC
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТУРНИРИНІҢ СОҢҒЫ
ЖАРЫС КҮНІНДЕ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
СПОРТШЫЛАР
ТАҒЫ ҮШ МЕДАЛЬ
ЖЕҢІП АЛДЫ, -
ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ
OLYMPIC.KZ.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДЕ ТОП ЖАРДЫ

Әділбек Мусин 50 метрге баттерфлай әдісімен жүзуден топ жарды. Ол аталған қашықтықты 23.76 секундта жүзіп өткен. Баттерфлай әдісімен 100 метрге жүзде Мусин 52.42 секундты көрсетіп, Қазақстан рекордын жаңартты. Ал финалдық бәсекеде күміс жүлдеге қол жеткізді. Брасс әдісімен 100 метрге жүзуден Дмитрий Баландин күміс жүлдегер атанды. Баландиннің көрсеткіші – 1.00.12. Әділ Қасқабай шалқалай жүзуден бесінші орынға табан тіреді. Айта кетейік, Дмитрий Баландин, Әділбек Мусин және Әділ Қасқабай Қазақстан ҰОК бастамасымен АҚШ-та жаттығуда. Спортшылар әйгілі маман Дэйв Салонның жетекшілігімен дайындалып жатыр.



«Қазақтың Мессии» деп танылған футболшы Еркебұлан Сейдахмет мансабын Алматының «Қайрат» командасында жалғастырады. Бұл туралы команданың ресми сайты хабарлады.

«ҚАЗАҚТЫҢ МЕССИИ» «ҚАЙРАТТА» ОЙНАЙДЫ

Еркебұлан «Тараз» футбол мектебінің түлегі. Футболдағы мансабын да 2017 жылы осы команда сапында бастаған. 1 сәуір күні «Тобылға» қарсы ойында алаңға шыққан. Сол маусымда шабуылшы команда сапында премьер-лигада 15 ойынға қатысып, «Ертіске» қарсы ойында 1 гол соқты. 2018 жылдың ақпан айында футболшы Ресейдің «Уфа» командасына ауысты. Наурыз айында «Анжиге» қарсы ойында алаңға шықты. Ресей премьер-лигасында ойнаған 2000 жылғы алғашқы ойыншы болды. Араға 1 жыл сала ол Болгарияның «Левски» клубына уақытша ауысты. София қаласы командасының сапында Еребұлан алғашқы ойынын 2019 жылдың 15 наурызында өткізді. Чемпионат қорытындысы бойынша командасы қола жүлде еншіледі. Еркебұлан Сейдахмет ұлттық құрама сапында да ойнап үлгерді. Венгрияға қарсы жолдастық кездесуде мергендігімен көзге түсіп, Қазақстан құрамасы сапында гол соққан ең жас ойыншы (18 жас, 1 ай, 19 күн) атанды. Футболшы мен алматылық команда үшжылдық келісімшартқа қол қойған. Ары қарай тағы 2 жылға ұзартуы да мүмкін. Командада 10-шы нөмірлі жейдемен алаңға шығады.



САДРИДДИН АХМЕДОВ ҚАРСЫЛАСЫН БІРІНШІ РАУНДТА НОКАУТҚА ТҮСІРДІ

Қазақстандық кәсіпқой боксшы, бірінші орта салмақта WBC нұсқасы бойынша жастар арасында әлем чемпионы атағына ие Садриддин Ахмедов кезекті жеңісіне қол жеткізді. Отандасымыз Канада жерінде өткен бокс кешінде мексикалық боксшы Даниэль Вега Котаны бірінші раундта-ақ ұтып шықты.

Бокс кеші Тетфор Миндегі «Дежарден» стадионында өтті. Екі боксшы бірінші орта салмақ дәрежесінде жұдырықтасты. Жұдырықтасты деген аты болмаса, қарсыласы қазақстандық боксшыға қарсы қауқар таныта алған жоқ. Төреші белгі беруі сол-ақ екен, Садриддин қарсыласын соққының астына алды. Бірінші ноқтау... Екінші ноқтау да көп күттірмеді. Қазақстандық боксшының сериялы соққыларынан кейін төреші екінші рет жекпе-жекте тоқтатты. Даниэль Вега Кота үшінші рет соққының астында ес жия алмағаннан кейін, шаршы алаңдағы шайқас жалғасқан жоқ. Садриддин айқын басымдық танытып, 8 раундқа жоспарланған жекпе-жекте уақытынан бұрын жеңіске жетті. Садриддин Ахмедов кәсіпқой бокстағы тоғызыншы жекпе-жегіне қол жеткізді. Оның сегізінде уақытынан бұрын жеңіске жеткен. Ал қарсыласы болса шаршы алаңда төртінші рет жеңілді. Он төрт жеңісі мен бір рет тең түскен кездесуі бар.

СПОРТСҮЙЕР ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА

Шілде айында қазақстандық спортшыларды бірнеше елішілік және ірі халықаралық турнирлер күтуде. Олардың қатарында лицензиялық әлем чемпионаттары да бар. Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық комитетінің ресми сайты осы айдағы жарыс кестесін назарларыңызға ұсынады.

Қазақстанда өтетін турнирлер тізімі:

4-7 шілде: Күрес түрлерінен кадеттер арасындағы Азия чемпионаты, Нұр-Сұлтан;
11-17 шілде: Нысана көздеуден Қазақстан кубогінің екінші кезеңі, Алматы;
12-17 шілде: Маунтинбайктан Қазақстан кубогінің төртінші кезеңі, Талғар;
15-21 шілде: Бокстан Президент кубогі, Нұр-Сұлтан;
16-18 шілде: Дзюдодан халықаралық турнир, Ақтау;
18-22 шілде: Маунтинбайктан Қазақстан Спартакиадасы, Талғар;
23-29 шілде: Стенд атудан Қазақстан кубогінің үшінші кезеңі, Нұр-Сұлтан;
25-30 шілде: Спорттық құзға өрмелеуден Қазақстан чемпионаты, Павлодар;

Шетелде өтетін турнирлер тізімі:

1-5 шілде: Су добынан халықаралық турнир, Сплит (Хорватия);
1-10 шілде: Желкенді қайық спортынан әлем чемпионаты, Сакайминато (Жапония);
3-9 шілде: Спорттық құзға өрмелеуден әлем кубогі, Вилларс (Швейцария);
8-16 шілде: Академиялық есуден әлем кубогінің үшінші кезеңі, Роттердам (Голландия);
12-28 шілде: Су спорты түрлерінен әлем чемпионаты Кванджу (Оңтүстік Корея);
10-15 шілде: Әйелдер күресінен "Яшар Догу" турнирі, Стамбул (Түркия);
12-14 шілде: Дзюдодан Гран-при турнирі, Будапешт (Венгрия);
10-19 шілде: Садақ атудан тестілік турнир, Токио (Жапония);
11-21 шілде: Нысана көздеуден әлем кубогі, Зуль (Германия);
14-21 шілде: Семсерлесуден әлем чемпионаты, Будапешт (Венгрия);
19-21 шілде: Каратеден Азия чемпионаты, Ташкент (Өзбекстан);
19-27 шілде: Ат спортынан әлем кубогі кезеңі, Планерная (Ресей);
24-29 шілде: Дзюдодан Гран-при турнирі, Загреб (Хорватия);
25-29 шілде: Грек-рим күресінен халықаралық турнир, Минск (Беларусь).

